Көктемгі егіс науқанына дайынбыз ба? 2

Кей ауылдың үйінен бейіті көп 4

Салынба, қылсаң-дағы сан құмарлық 6

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ СЕЙСЕНБІ, **21 АҚПАН**, 2023 ЖЫЛ **№21 (23 197)** www.facebook.com/ortalyq.kz/ info@ortalyq.kz

● ДАБЫЛ ҚАҒАМЫЗ!

Кемерінде сынап кілкіп Нұраның...

1978 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Қарағанды және Ақмола облыстарының аумағынан ағып өтетін Нұра өзенін «әлемдегі ең ластанған су айдыны» деп атады. Тіпті, өзеннің төменгі жағында орналасқан елді мекендер, ауыл шаруашылығы жерлері, ЮНЕСКО-ның қорғауына да алынған кез болған. Сарыарқаның салқар даласы да, сары ала үйрегі ұшқан ауасы да, қазір кіршіксіз деген сөзге кім сене қоятындай. Жерімізге әр берген, елімізге нәр берген Нұра өзенінің құрамынан экологтар тағы да сынап тауыпты. Тіпті, сырғыған сынап ана сүтінен де шыққан.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сынабы бар су ішкен...

– Қазақстанның Ұлттық гидрометеорологиялық қызметі 2019 жылы және одан кейінгі жылдары да өзенде сынаптың көбейіп кеткенін ресми хабарлады. Суды адам ішеді. Сынап қазір адам шашы мен ана сүтінің құрамында да бар екендігін анықтадық. Нұраның суымен тұрғындар жазда бау-бақшасын суарады, төрт түлік малы да сол суды ішеді. Өзеннен балық аулап жейтін жұрт бар. Желіде де дабыл қағып жатырмыз. Үкімет бұл мәселеге шындап назар аударуы тиіс. Бұл бір өңір шеше салатын дүние емес екеніне көздеріңіз жетті, – деді эколог Дмитрий Калмыков.

Мамандардың мәлімдеуінше, өзен суындағы сынап адамның жүйке талшықтарын зақымдайды. Бұл – бірінші кезекте әйелдер мен балалардың денсаулығына қауіпті. Сынап балалардың ақыл-ой дамуын тежейді. Бүгінде Нұра өзенінің маңында тұратын жұрт биліктен күдер үзіп, мәселені ашық айтудан шаршаған. Жағдайы келген көптеген тұрғын бұл маңнан көшіп те кеткен...

Өзенде бұрыннан қалып қойған ескі коллектор бар көрінеді. Коллектор дегеніміз – кәдімгі қажет суды қабылдап, сыртқа бағыттайтын арнайы құбыр. Көп жылдар топырақ қабатына сіңіп қалған сынап осы коллектор арқылы өзенге құйылып тұрған. Экология департаменті Нұра өзеніндегі мәселені шешу үшін коллекторды алып тастау керек деп пайымдайды. Яғни, бұл мәселемен мемлекет айналысуы керегін, коллектор «тарихи нысанға» жататынын меңзеуде.

Нұраға сынап қайдан келді?

Әлқисса, кешегі кеңес үкіметі уағында Теміртау қаласындағы «Карбид» деп аталған химиялық зауыт Нұра өзеніне тонналап сынап төгіп, оны ластап тастаған-тын. Синтетикалық каучук өндіретін бұл зауыт жұмыс істеген 47 жыл ішінде өзенге 1500 тоннадан астам сынап төгіп жіберген. Сынапты каучук өндірісінде химиялық реакцияның катализаторы ретінде пайдаланған. Ол кезде жұрттың денсаулығын қадағалаған советтік денсаулық сақтау мекемелері мұндағы қаракөздердің салауатын «елемеген» екен. Не болмаса, «көрмеген». Не болмаса, «білмеген».

Кейінірек тәуелсіз елдің үкіметі мәселеге мән беріпті. Жаңа ғасыр басында Нұра өзенін сынаптан тазарту үшін халықаралық банктен 130 миллион доллар қаражат алған. Өзенді экологиялық тазарту кезінде үш миллион текше метр қалдық шығарылып, арнайы полигонға көмілген екен. Сыртқа шығарылған қалдықтар ішінде түрлі қоқыстармен қоса топырақ қабатындағы сынаптар да анықталды.

Желге ұшқан 130 миллион доллар

Қош. Қаражат игерілді. Шығынды салық төлеушілер әлі өтеп келеді... Нәтиже жоқ. Облыстық экологиялық мұражай экологтары 2013-2014 жылдары прагалық «Арника» қоғамдық бірлестігімен бірігіп, Нұраның бойында зерттеу жұмыстарын қайта жүргізді. Ақыр соңында сарапшылар сынаптан өзеннің жағасы ғана тазарғанын, ал су түбіне тазарту жұмыстары жасалмағанын айғақтады. Сарапшының айтуынша, өзен суы мен топырағынан алынған сынамаларды Прагадағы химиялық технологиялар институты талдаған. Зерттеу нәтижесі өзен түбіндегі құм мен алты түрлі топырақ сынамасынан сынаптың жоғары мөлшері (10 мг/кг) анықталғанын көрсеткен. Ең жоғары көрсеткіш (177 мг/кг) зауыттың төменгі жағындағы Қызыл жартас маңында тіркелген. Салдарынан бүгінде өзеннің өн бойында сынап деңгейі айтарлықтай көбейіп кеткен. Мұның кесірі өзегі талса, өзен жағалайтын жергілікті халыққа тиіп отыр. Нұра – Қорғалжын табиғи қорығындағы Теңіз көліне құятын жалғыз өзен.

Эколог Д.Калмыков – Нұра жағасында

Туған жерден кете салған кімге оңай?!

Ал, біз жоғарыда айтқан заманындағы Нұраға тонналап сынап төгіп, ластаған химиялық зауыттың орнында бүгінде Теміртау металлургиялық комбинаты тұр, жұмысын жасап. Бұл комбинат коллектордың орнына жаңа тазарту қондырғысын орнатуды көздейді. Алайда, ресми билік кәсіпорынның қалдық суын қайда төгетіні жөнінде нақты рұқсат бермеді.

– Су алсақ, одан қоймалжың зат көреміз кейде. Бізді қойшы, балаларымыз бар емес пе?! Олардың болашағына алаңдаймын. Туған жерден қоныс аудара салу оңай емес, – дейді аты-жөнін атамауды сұраған Тегісжол ауылының тұрғыны.

Өзені де, кезеңі де кірлеген елдің көңілі күпті. Қылар қайраны кем...

● ЖЕТІ ҚАЗЫНА

Жез қарғылы желтабан

«Кесіп-кесіп тастайтын кетпен қарам туды ма?» деп ер бала туса қуанған қазақ итінің күні енді туды. Бұлай деуімізге себеп – кеше қабылданған қазақы тазы мен төбетті қолдап-қорғауға негізделген жаңа заңнама, Президент пәрмені. Өткен 2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақы тазы мен төбетті сақтау жұмысын қолға алуды тапсырған болатын. Бұған сай арнайы Заң жобасында ғылыми ұйымдар жүзеге асыратын қазақы ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласында ғылыми зерттеулер жөнінде норма көзделген. Заң жобасының нормаларын іске асыру үшін 1,4 млрд. теңге қажет болды. Бұл сома 2022 жылғы 18 қазанда республикалық бюджет комиссиясының отырысында қолдау тапты. Аталған заң бүгінде Сенатқа жолданды.

Десек те, қазақы тазы мен төбет еш жерде тіркеуде жоқ. Кешегі Кеңестік дәуірдің кесірі әлі қайтпаған-ау. 40-шы жылдың қолдан жасалған қырғынынан соң ит терісі керек деген жалған ақпармен қазақ даласының иттерін Кеңес үкіметі түгел жойған. Бүгінгі бұйрат басынан бөрібасар әупілдеткен әлімсақтың ұрпағы едік деген құрғақ сөз, құр қиқудан не пайда? Таза қанды тазы стандарты әлі сол баяғы 1958 жылы орыс ғалымы Аркадий Слудский зерттеп қойған кемелден аса алмай тұрса. Бізде сонда ғалым жоқ па, таным жоқ па?

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ген анықтап, талап қояр маман тапшы

Қазақылық деп қақсамас бұрын алдымен қазақылыққа қалай жетеміз, соның жолын жоспарлаған жөн бе қалай?! Мысалы, бір деректерге сүйенсек, қазақы тазыны көршілес Ресей мемлекеті «Орта Азия барзоясы» деп патенттемек болған деседі. Олардың тұжырымынша «қазақ деген қарапайым елге мұндай ит қайдан келсін, біздің орыс барзоясынан тараған ит тұқымы» дегісі келсе керек. Алаңдатар жағдай. Мұны естіген еліміздің атқамінерлері жағалай жарыса тазы қазақтікі оны өзіміз патенттейміз дегенді айтып, іске көшті. Десек те, кәнігі маманның дәйегінсіз екінің бірі тазысын италақаздан туған Құмай, қала берді қашқанын құтқармас тұйғын деп таныстырады. Қазақстанда не көп, тазы көп. Оның қайсы қазақы, қайсы шата, ал, қайсы дүрек екенін қайдан білмекпіз?! Қош.

Жалпы, елімізде 644 қазақы тазы және 8 қазақы төбет тіркеуде тұр. Әзірге арқа қақтырып арқаланар жетістік – осы. Бұл иттер де сол Слудскийдің сұрыптамасынан шыққан нәтиже. Расында, қазақы тазыға ешбір иттің ілесе алмайтынын еуропалықтар XIX ғасырда мойындаған. Тіпті, 1876 жылы Париж университетінің профессоры Карл Южвалфи ғылыми еңбегінде: «Қазақтар аңшы иттерін тазы дейді. Олар – басқа аңшы иттермен салыстырғанда есті, иесіне берілген, адамдарға мейірімді», – делінген. Аты алты құрлыққа ұлықталған французтарды тамсандырып, қолжазба арнатқан қазақы құмай арада екі ғасыр өтсе де, қазақтікі екені құжатқа енбеді, еленбеді.

Арнайы мекеме мамандары облысымызда стандартқа сай таза қанды тазы мен төбет бар ма, тіркелген бе деген сұраққа мүлде жауап қата алмады. Тізгін тұқыртып, тымақ астынан тұмаурата сөйлеп «бұл біздің құзырымызда емес» деген құрғақ сөзбен шығарып салды. Одан қалды, орман шаруашылығына сілтеп мардымды жауапты солар береді деп сендірді. Орман шаруашылығына бұл уәжбен шыққанда, олардың жауабы мынадай болды: Біз тек жабайы аң-құстарға жауаптымыз, деп қысқа қайырды…

➤ 4-бет

● ЕҢБЕКПЕН ҚАМТУ

«Күміс жастың» мүмкіндігі молаяды

Елімізде іске қосылған «Күміс жас» жобасының мақсаты – зейнет жасына жақындап қалған адамдарды қолдау және еңбекпен қамту. Бұл жоба бұған дейін 60 жастан асқандарға қарастырылып келген болса, биылғы жылдан бастап 50 жасқа дейін төмендетілді.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған жоба кәсіпкерлікті дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы аясында жүзеге асырылуда. Оның қатысушыларының басым көпшілігі бала күтімімен үйде отырып қалғандар, түрлі себептермен жұмыс істеуге мүмкіндігі болмағандар. Жобаның тиімділігін арттыру мақсатында үш жылға дейін жұмыспен қамту көзделген. Әрі мемлекет жұмыс беруші кәсіпорынға субсидия төлейді. Еліміз бойынша, жылына 15 мың адамды жұмыспен қамту көзделген. Бұл жоба аясында аймақта да нақты іс-шаралар жүзеге асуда.

– Жоба зейнеткерлік жасқа дейінгі жұмыссыз адамдарды жұмысқа орналастыруға арналған. Қатысу мерзімі аяқталғаннан кейін, жұмыс беруші қызметкерді тұрақты жұмыс орнына орналастыруға міндеттеледі. Кепілдендірілген табыс адам зейнетке шыққанға дейін болуы керек. Субсидиялау мерзімі 12 айға дейін. Ай сайынғы субсидия мөлшері белгіленген жалақының 50%-ы, әрі 30 айлық есептік көрсеткіштен аспайды. Былтырғы жылы 292 адам қатысты, – деді өз есебінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова.

Жұмыссыз зейнеталды адамдардың әлеуетін ашуға мүмкіндік беріп отырған жобаға қатысу мерзімі үш жылға ұзартылды. Сәйкесінше, субсидияланатын жалақы мөлшері жыл сайын 70%-65%-60%-ды межелейді.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 472.48 ●**USD/KZT** 444.23 ●**RUB/KZT** 5.96 ●**CNY/KZT** 64.54

Қазақстан Ұлттық Банкінің 20 ақпан, 2023 жылғы дерегі бойынша

• ТАҒАЙЫНДАУ

Басқармада – жаңа басшы

Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының басшысы қызметіне Бақтияр Жұматайұлы Санбаев тағайындалды. Бұған дейін ол осы мекемеде басшының орынбасары қызметін атқарған.

Бақтияр Санбаев 1986 жылы Балқаш қаласында дүниеге келген. Екі жоғары білімі бар: Қарағанды мемлекеттік техникалық университетін «төтенше жағдайларда қорғау, тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау» мамандығы бойынша білім алған және Орталық Қазақстан академиясын «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген.

2009 жылдан бастап мемлекеттік қызметте. Қарағанды облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей зілзалалардың алдын алу және жоюды ұйымдастыру департаментінде әртүрлі лауазымды қызмет атқарды. Бақтияр Жұматайұлы 2013 жылдан бастап Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасында жұмыс істейді: бас маман, кейін бөлім басшысы, 2020 жылдың маусымынан бастап осы тағайындауға дейін басшының орынбасары болды.

Өз тілшімізден

Көктемгі егіс науқанына дайынбыз ба?

Өңірде көктемгі егіс науқанына дайындық жүріп жатыр. Биыл Қарағанды облысында 1,1 млн. га алқапқа дән сіңіріледі. Картоп пен көкөніс алқабының да көлемі артады. Ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Асқар Санаубаров көктемгі егіс науқанына дайындық барысы туралы айтты.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Биыл көктемде дәнді дақыл егілетін алқап 1 105,5 мың гектарды құрайды, бұл өткен жылғы деңгейден 43,7 мың гектарға артық. Дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар 957,2 мың га, майлы дақылдар – 59 мың га, жемшөп дақылдары – 76,2 мың га жерге егіледі. Ауыл шаруашылығы құрылымдарында картоп отырғызу 12 мың га алқапқа жоспарланған – өткен жылмен салыстырғанда 526 га, көкөністер – 1,7 мың га артық, – деп хабарлады басқарма басшысы Асқар Санаубаров онлайн режимде өткен аппарат жиынында.

Оның айтуынша, тұқымға қатысты мәселелер жоқ. Бірінші репродукциялы және элиталы тұқымдарды пайдалану артады. Сонымен қатар, минералды тыңайтқыштарды қолдануға басымдық беріледі. Бұл өз кезегінде жерді ұтымды пайдалану және өнімділікті арттыру үшін қажет.

Өңірде суармалы жердің көлемі де ұлғайтылады.

Сондай-ақ, көктемгі егіс науқанына 10 мыңға жуық трактор, 248 егіс кешені және 4774 сепкіш қолданылады.

Арзандатылған дизель отынын бөлу қарастырылған. Егін егу үшін фермерлер «Кең дала» жеңілдікті несиелеу бағдарламасы бойынша мемлекеттік қолдауды пайдаланды. Бұдан басқа, бюджеттен субсидиялар беруге, оның ішінде тұқым шаруашылығын дамытуға, пестицидтер мен минералды тыңайтқыштар сатып алуға қаражат бөлінді.

Қарағанды облысында көктемгі егіс науқаны мамыр айында басталады.

– Агротехнологияларды сақтау маңызды. Тұқымның сапасын уақытында тексеріп, минералды тыңайтқыштарды қолдануды арттыру қажет. Өсімдік өсірушілерді арзандатылған дизель отынымен қамтамасыз ету бақылауда, – деп атап өтті облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев.

• БРИФИНГ

Тәубесі жоқ тариф

Қоғам болған соң жеңі ұшынан жалғасқан жемқорлық қылаң беріп жататыны ақиқат. Жаңа Қазақстан құрып жатқан бүгінгі уақытта құзырлы мекеме бұл дертпен күресудің де жаңа тетігін тауыпты. Бүгінгі бағдарда сандық көрсеткіш емес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасы тұр. Бұл – Президент тапсырмасын орындау барысындағы түпкі тұжырымдама. Толығырақ тілшілермен өткен баспасөз конференциясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің өңірдегі салалық департаментінің басшысы Мұрат Ахтанұлы хабарлады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Құжат өн бойына өңір халқының қордаланған мәселелерін жиыпты. Ендігіде майшаммен қарарлық маңызды мәселелерді майдан қыл суырғандай етіп шешу үшін қажетті шаралар кешені қабылданды. Ең бір өзектісі – тұрғын үй-коммуналдық жүйесіндегі негізсіз тарифтермен тайталас.

Алпамыстай сағат сайын шарықтаған баға, жергілікті жұрттың қалтасын қағып тұр. Түрлі желеуді жалауша желбіреткен монополистер, тіпті, ырық бермей кетпесі бар ма?! Облыс тұрғындарының шағымдары өткен жылы уәкілетті органға жосықсыз тағайындалған тарифтердің заңдылығы тұрғысында арнайы мониторинг жүргізуге сеп болды. Нәтижесінде, коммуналдық қызметтер саласында 8 қаланың (Қарағанды, Балқаш, Приозерск, Жезқазған, Сәтбаев, Абай, Шахтинск, Саран) және 6 аудан тұрғындары электр энергиясына негізсіз артқан 2,5 млрд. теңгесін үнемдеп үлгерді. Балқаштың 73 мың тұрғыны 200 млн.теңгеден астам сомаға жылумен және сумен жабдықтау жөніндегі коммуналдық қызметтерге артық тарифтерді төмендету жолымен шығынын өтеді.

– Біз осы саланы тізгіндегендіктен, өңірдің барлық негізгі әлеуметтік проблемаларымен таныспыз. Бұқараның сынынан туындаған жайттарды бақылауға алып, қадағалаймыз. Сараптаймыз. Сол арқылы жемқорлық тұрғысынан қауіпті тұстарды анықтап, облысымыздың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің картасын жасадық. Жігін тапқан жұмыс жүйесін де тапты. Енді тек байыппен ел игілігіне жұмыс жасау – мақсатымыз, – деді Мұрат Ахтанұлы.

P.S.: Бұл жолғы брифинг бірыңғай өтпеді. Жаңбырша жауған журналистер сауалдарына спикер лайықты деңгейде жауап бере білді. Қос тілді қос қолындай игерген сала басшысы тілшілер қауымының «баспасөз баяндарыңыз сирек келеді» деген сауалына, «жемқорлықпен күрес тағат пен байыпты қажет етеді» деп жауап беріп, БАҚ өкілдеріне арнайы пресс-тур өткізетінін уәде етті.

• COVID-19

Қауіп сейілген жоқ

Қазіргі уақытта індеттің өршуі бәсеңдеп, тұралаған экономика жанданып, дами түсті. Дегенмен, қауіп сейілген емес. Денсаулық сақтау министрлігі баспасөз қызметінің мәліметінше, бүгінгі таңда 1664 адам коронавирустан емделуде.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің мәліметінше, аймақта коронавирус инфекциясының 572 жағдайы тіркелді. Оның ішінде, 554 жағдай симптомды, 18 жағдай аурудың клиникалық белгілерінсіз.

Пандемия басталғаннан 19 ақпанға дейін COVID-19-дың 163 662 расталған жағдайы (Ұлытау облысымен бірге) анықталып, оның ішінде, Қарағанды облысы аумағында барлығы 162 466 жағдай тіркелген.

Қарағанды облысында соңғы тәулікте 9 науқас анықталды. Жалпы, тәулігіне орта есеппен 16 жағдай тіркелуде. Облыс – «жасыл» аймақта. Сырқаттанушылық деңгейі алдыңғы аптамен салыстырғанда 7,9% төмендеді.



Халық өз әкімін қайта таңдады

Қазақстан Республикасы «Сайлау туралы» Заңына енгізілген өзгерістер бойынша 2021 жылдан бастап, аудандық маңызы бар қала, ауыл және кент округтері әкімдерін тікелей сайлау жүзеге асырылуда. Соған сәйкес 12 ақпанда Абай ауданының Дубовка ауылдық округі әкімін сайлау өтті.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай ауданында мұндай жүйемен сайлау бірінші рет өтіп отырған жоқ. Егер осы аумақта 14 ауылдық және кенттік округтер, Абай қаласы болса, бұған дейін соның 10-ында сол аймақ тұрғындарының өздері алдағы 4 жылға әкімдерін сайлап алған болатын. Ендігі кезек Дубовка ауылдық округіне де жеткен.

Сол күнгі, яғни 12 ақпанда өткен сайлау қорытындысы туралы осында құрылған 449-шы учаскелік сайлау комиссиясының төрағасы Дина Жантеловадан сұрап, білген едік. Оның айтуынша, бұл ауылда тұратын 4011 адамның 2514-і сайлаушылар тізіміне енгізіліп, соның 1534-і (61 пайызы) дауыс беріпті. Нәтижесінде дубовкалық сайлаушылардың 71 пайыз дауысын жинаған осы округ әкімі қызметін 4 жыл бойы атқарып келген Ерғали Қысырауынов «AMANAT» партиясы атынан дауысқа түсіп, өз орнына қайта сайланған. Онымен бәсекеге түсіп, өз-өздерін ұсынған екі үміткердің бірі, Дубовка Мәдениет үйінің директоры Әлия Шырынбекова тиісінше 26 пайыз, ал Абай қаласының мектеп мұғалімі Меруерт Құсайынова 7 пайыз дауыс жинап, мәреден өте алмады.

Былай алып қарағанда, бұрынғы әкімнің орнынтағына қайтадан отыруы жаңалық емес бұл ауданда. Осылайша Есенгелді, Мичурин, Қарағанды ауылдық округтері, Абай қаласында да әкімдер өз орындарын сақтап қалған. Оларды бұрынғыдай жоғарыдан әкеп, тағайындап жатқан ешкім тағы көрінбейді. Сонда бұлар халыққа несімен жақты екен деген ой туындауы сөзсіз. Әрине, соншалықты елдің сеніміне ие болып, абырой алу оңай болып па?! Өңірдің тыныс-тіршілігін, адамдардың жүрек лүпілін тамыршыдай тап басып, мұн-мұқтажына құлақ асып, халыққа жаны ашитын басшы болу керек ол. Президент реформасының да, «Еститін мемлекет» жобасының мәні де, көздейтінін де осы ғой.

Ендеше бізге жолығып, пікір білдірген сайлаушылардың кімге, не үшін дауыс бергенін тыңдап көрелік. Не айтар екен олар...

Әйгерім Ыбырайхан:

Реформа – өміршең өзгерістер

– Мен өзіміздің бұрынғы әкім Ерғали Қысырауыновқа дауыс бердім. Ол қызмет істеген төрт жылда ауылымыз абаттанып, жаңадан почта, әкімдік үйлері, стадион салынып, балалардың ойын алаңдары іске қосылды. Тозығы 90 пайызға жеткен кәріз жүйелерін жаңғырту қолға алынды. Осы және басқа да жақсы бастамаларын өзі аяқтар деп ойладым.

Мақсат Әукенов:

– Мен де Қысырауыновты қолдап, дауыс бердім. Өйткені, оның ауылда жасап жатқан игі шаруалары аз емес. Мәселен, мектеп, Мәдениет үйлері жөнделіп, 2-3 қабатты үйлердің бос пәтерлері қалпына келтіріліп, оларға 20-ға тарта отбасы қоныстанды. Ауылымызда ауыз су жүйесі тартылуда. Оны жалғастырып, аяқтау да оның сайлауалды бағдарламасында көрсетілген.

Сонымен, Қысырауыновтың орнында қайта қалуына «көкелерінің» емес, көпшіліктің қолдауы, халықтың сенімі көмектескеніне көзіміз жеткендей.

Абай ауданы

Қарағанды қалалық сайлау комиссиясының 2023 жылғы 15-18 ақпан аралығында Қарағанды қаласы бойынша депутаттыққа кандидаттарды тіркеу туралы ХАБАРЛАМАСЫ

Кандидаттың аты-жөні.	туған жылы	жұмыс орны, атқаратын лауазымы (кәсібі), тұрғылықты жері	сайлау округінің нөмірі
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі			
Нурлан Бекович Таубаев	1977	адвокат, «Фемида» АК Қарағанды облыстық адвокаттар алқасы, Қарағанды қ.	18
Кудайберген Бексултанов	1956	өзін-өзі жұмыспен қамтыған, Қарағанды қ.	18
Диларам Омарова	1959	Президент, Қазақстандық ана мен бала денсаулығын сақтаудың халықаралық қоры, Қарағанды қ.	18
Марат Жандаулетов	1957	шарт бойынша қызметкер, «Қарағанды облысы әкімінің аппараты» ММ зейнеткер, Қарағанды қ.	18
Темиртас Саянович Нагиметуллаев	1993	уақытша жұмыссыз, Қарағанды қаласы	18
Назарбек Жокенович Бекбатыров	1960	«AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы төрағасының орынбасары, Қарағанды қ.	18
Гульнар Азимбаевна Кадирова	1968	ТОО «Кушум-2006» ЖШС директоры, Қарағанды қ.	18
Айтуган Адамкулович Мукашев	1974	«QazHeaHh» ЖШС директоры, Қарағанды қ.	18
Қарағанды облыстық мәслихаты			
Иван Николаевич Выткин	1972	«Теплотранзит Караганда» ЖШС, бас инженер, Қарағанды қ.	1
Мируерт Актановна Садуова	1977	«Тарбағатай» ЖК, басшы, Қарағанды қ.	1
Талгат Нургазыевич Байтохин	1989	«Қарағанды қаласының Мәдениет және демалыс саябақтары басқармасы» КМҚК, директор, Қарағанды қ.	2
Расул Жанатович Токсанбаев	1985	Қарағанды жоғары политехникалық колледжі, оқытушы, Қарағанды қ.	3
Ерден Балтабаевич Халилин	1967	Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернаты, басшы, Қарағанды қ.	4
Саят Мухамедкаримович Башеков	1972	«№1 емхана» КМК, директор, Қарағанды қ.	4
Гамаль Сайляуович Токсамбаев	1975	«Қарағанды қ. №3 көпбейінді ауруханасы» КМК, директор, Қарағанды қ.	5
Виталий Николаевич Гончаров	1973	Гончаров ЖК, басшы, Қарағанды қ.	5
Александр Александрович Свахин	1996	«Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті» ЖМ, инженер-жүйелік техник, Қарағанды қ.	5
Юлия Викторовна Бадина	1972	«AMANAT» партиясының Қарағанды қалалық филиалы, төраға, Қарағанды қ.	6
Әсел Берікқызы Жұмағұлова	1998	«Теміржолшылар» МҮ КМҚК, кадрлар жөніндегі инспектор, Қарағанды қ.	6
Абсалям Енбекович Карин	1980	«Astyk Alem» ЖШС, бас директор, Қарағанды қ.	6
Мира Атамаловна Махатчина	1965	«Қарағанды су қоймалары» КМК, басшы, Қарағанды қ.	7
Айбар Рамазанович Калиев	1994	«Жастар ресурстық орталығы» КММ, Қарағанды қ.	7
Озбек Исатаевич Бимендин	1949	зейнеткер, Қарағанды қ.	7
Сагатбек Сайлаубекович Исабеков	1988	«Сармантай» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	8
Андрей Васильевич Ляпунов	1969	«Теплотранзит Караганда» ЖШС, бас директор, Қарағанды қ.	8
Рустам Фаритович Танишпеков	1988	Қарағанды облысы бойынша «Әділдік жолы»РҚБ, басшы, Қарағанды қ.	8
Марал Елюбаевна Кашенова	1975	«Қазақстан білім беру қызметкерлерінің салалық кәсіподағы ұйымының Қарағанды облысы Қазыбек би аудандық комитеті» филиалы, төраға, Қарағанды қ.	8
Қарағанды қалалық мәслихаты			
Ерсултан Алтаевич Ашляев	1993	«Сова» ЖК, басқарушы, Қарағанды қ.	2
Олег Александрович Зуйков	1990	«Qamgor plus» МҚҚ, басшының орынбасары, Қарағанды қ.	2
Нияз Аделович Сундиталиев	1989	«Qamgor plus» МҚҚ, төраға, Қарағанды қ.	2
Мадина Сафарбековна Аширова	1968	Қарағанды қаласының «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнайы қызмет көрсету орталығы» КММ, директор, Қарағанды қ.	3
Арафат Азаматович Мажитов	2001	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, студент, Қарағанды қ.	3
Жакен Тайшыбай	1989	«ЛидерСтройГруп» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	3
Алишер Бауыржанович Самарбаев	1996	«Қарағанды облысының Жастар ресурстық орталығы» КММ, директордың орынбасары, Қарағанды қ.	3
Алия Ракомбедовна Сулейменова	1976	Логос-Қарағанды МОО ҚБ, төраға, Қарағанды қ.	4
Саулет Амзеевич Абилжанов	1982	«Тазалық Эксперт» ЖШС, директордың бірінші орынбасары, Қарағанды қ.	5
Бейбит Кайыржанович Жумабеков	1985	Қарағанды қаласының «Жалынды жастар» ҚБ, басшы, Қарағанды қ.	5
Рахат Ардақұлы Райымбеков	2002	Уақытша жұмыссыз, Қарағанды қ.	6
Александр Федорович Рубанов	1994	«Строй-Партнер KZ» ЖШС, өңірлік сауда өкілі, Қарағанды қ.	6
Шариза Далабаевна Алтынбекова	1969	«№2 оқушылар сарайы» КММ, директор, Қарағанды қ.	11
Султан Мейржанович Елемесов	1988	«SAPA CITY» ЖШС құрылыс компаниясы, директор, Қарағанды қ.	11
Жумагали Диярович Магзиев	1960	«Қарағанды технология және сервис колледжі» КММ, Қарағанды қ.	11
Данара Уахасовна Мынгырбаева	1979	Жеке кәсіпкер, Қарағанды қ.	11
Олег Вячеславович Селиверстов	1960	«Аспап» ӨК, жұмыстарды атқарушы, Қарағанды қ.	11
Смагулова Эльнара Ержановна	1990	«Смагулов» ЖК, ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамыту орталығы, басшы, Қарағанды қ.	12
Мирас Данияруұлы	1991	«БИ СТРОЙ» ЖШС, техникалық директор, Қарағанды қ.	13
Елена Сергеевна Желиховская	1970	М.Әуезов атындағы орталық кітапханасы, кітапханашы, Қарағанды қ.	13
Аслан Берикбекович Кабегенов	1996	«Ten Qogam» әлеуметтік бейімдеу орталығы, басшы, Қарағанды қ.	13
Марат Эгамбердиевич Пирметов	1976	Қарағанды облысының жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасы, сот орындаушысы, Қарағанды қ.	13
Марат Канатович Тусупов	1975	Қарағанды облысы Қоғамдық кеңесінің мүшесі, жергілікті өзін-өзі басқару мүшесі, Қарағанды қ.	13
Азамат Ахметович Ахметов	1988	«Сапа Сити» құрылыс компаниясы –коммерциялық директор, Қарағанды қ.	14
Бақтияр Мейрамұлы Әбілмажит	1994	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, аға оқытушы, Қарағанды қ.	14
Ноян Удербайұлы Жүнісов	1993	«Сарыжайлау кинотеатры» КМК, директордың орынбасары, Қарағанды қ.	14
Меиржан Жакенович Сыздыков	1977	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, Қарағанды қ.	14
Алемгер Амангельдиевич Кошакаев	1992	«Composit stkoy» ЖК, басшы, Қарағанды қ.	17
Вадим Геннадьевич Шипилов	1989	«V-Поставщик» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	17
Эльнар Жаксылыкович Магзумов	1985	«DiAl-Энерго» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	18
Абай Омырзакович Оразбеков	1973	«Азия - Телеком 2002» ЖШС , директор, Қарағанды қ.	18
Бахытжан Тулеутаевич Смайлов	1990	«SmailGroup» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	18
Аманжол Мусабекович Оразолинов	1990	«Insan Construktion» ЖШС, коммерциялық директор, Қарағанды қ.	19
Александр Викторович Корогодов	1992	«БЖСМ» КММ, бокс секциясының тренері, Қарағанды қ.	20
Александр Геннадьевич Босиков	1991	«Қарағанды тау-кен индустриалды колледжі» КММ, өндірістік оқыту шебері,Қарағанды қ.	21
Султан Бейсенбаевич Медеубаев	1987	«Senim» Денсаулық сақтау жүйесі қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ Қарағанды облыстық филиалы, заңгер, Қарағанды қ.	21
Салтанат Булатовна Мукушева	1968	«Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КЕАҚ, кафедра меңгерушісі, Қарағанды қ.	21
Ерлан Уалиевич Тогайбаев	1974	«BAZIS T» ЖШС, бас директор, Қарағанды қ.	21
Бейбіт Оспанұлы Күлмағанбет	1965	«Қарағанды шығыс тәттілер фабрикасы» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	22
Тлепбек Серикович Мукатов	1987	«Құрылыс-Инжиниринг групп» ЖШС, «Баракат Агро ТМ» ЖШС, директор, құрылтайшы, «Инвест» ТТ, құрылтайшы, Қарағанды қ.	23
Данияр Бауыржанович Исаев	1979	«Қарағанды Су» ЖШС, Қарағанды қ.	25
Аян Оралович Кирбасов	1982	«Қарағанды Су» ЖШС, ӘШБ бастығы, Қарағанды қ.	25
Жанболат Жангелдыевич Сарсембаев	1987	«Қарағанды Су» ЖШС КП, топтың сыбайлас жемқорлыққа қарсы кешенінің басшысы, Қарағанды қ.	25
Асқар Халидұлы Әбдікәрім	1979	«Ж.ТәшеновК атындағы НМ» ММ, ағылшын тілінің мұғалімі, Қарағанды қ.	26
Думан Динмуханбетулы Жантаев	1990	«SAT Rost Group» ЖШС, құрылтайшы және директор, Қарағанды қ.	27
Денис Владимирович Нефёдов	1983	«Автодор» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	27
Анатолий Владимирович Баранов	1977	«Қазақстан Халық партиясы» ҚБ ҚОФ, филиал төрағасының орынбасары, Қарағанды қ.	29
Земфира Екшебаевна Жанпеисова	1961	№ 85 ЖББМ КММ, орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, Қарағанды қ.	29
Жаннур Галимович Рахметов	1977	«Inno Tech» ЖШС, директор, Қарағанды қ.	29
Тимур Серикбаевич Шагатаев	1989	«AMANAT» партиясы Қарағанды қ. Ә.Бөкейхан ауданының филиалының төрағасы, Қарағанды қ.	29
Мұрат Майрамбайұлы Мұсаев	1975	Әскери техникалық мектеп, оқытушы, Қарағанды қ.	30

Жаңару мен жаңғыру жолы

Ел Президенті Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауы арқылы қазақстандықтарға саяси жүйені кешенді жаңғырту бағдарламасын ұсынды. Аталмыш Жолдауда Президент басқарудың суперпрезиденттік үлгісінен мықты Парламенті бар президенттік республикаға біржола көшу қажеттігі туралы баяндап, Парламенттің ролін күшейту арқылы «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын табысты жүзеге асыруға жол ашатындығын баяндады.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта Парламенттің ролін күшейту міндеті тұрғанын, Жаңа Қазақстанның азаматтық қоғамы қалыптасқан тиімді мемлекетке айналатынын, «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» қағидаты басшылыққа алынатынын мәлімдей келе, осы стратегиялық мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін бірқатар бастамаларды ұсынды.

Олардың қатарында партияның мемлекеттік аппаратқа кірігуіне мүлдем жол бермеу, Президенттің өкілеттігін біртіндеп қысқарта отырып, Парламенттің ролін айтарлықтай арттыру, сол арқылы мемлекетіміздің институционалдық тұғырын нығайту, Сенатқа Мәжіліс қабылдаған заңдарды тек мақұлдау немесе мақұлдамау құқығын беретін норма енгізу бар. Бұл өз кезегінде азаматтардың өкілді билікке деген сенімін нығайта түспек.

Жолдауда, одан бөлек, Президенттің Сенаттағы квотасы – 15-тен 10 депутатқа дейін азайды. Оның бесеуін Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргідей сайламайды, тек ұсынатын болады. Ал, Есеп комитетінің орнына Жоғары аудиторлық палата құрылып, Мәжілістің мәртебесін арттыру мақсатында Жоғары аудиторлық палата төрағасы Мәжіліс депутаттары алдында жылына екі рет есеп береді.

Ролін арттырып, дербестігін күшейту мақсатында мәслихат төрағасы лауазымын енгізуді де ұсынды.

Тағы бір айта кететін өзгеріс – пропорционалды-мажоритарлы үлгідегі аралас сайлау жүйесіне көшу. Аралас сайлау үлгісін облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына да енгізіледі. Ал, аудандар мен қалалардағы сайлау толығымен мажоритарлық жүйеге көшеді.

Бүгінде мемлекет басшысының аталмыш Жолдауда айтқан «Жаңа Қазақстанды» құрудағы мемлекеттің алға қойған мақсаттарына сәйкес бағдарламалық ұсыныстары жүзеге асырылуда.

Құралай САТБАЕВА,
заң ғылымдарының кандидаты, доцент,
Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының қауымдастырылған профессоры

● ҰБТ

Екінші мүмкіндік – наурызда

Ұлттық тестілеу орталығының хабарлауынша, 20 ақпан мен 10 наурыз аралығында ақылы ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдануда. Биылғы екінші ҰБТ 14-30 наурыз аралығында өтеді.

Ұлттық бірыңғай тестілеуге мектептің 11 (12) сынып оқушылары, мектеп және колледждің өткен жылғы түлектері, колледждің биылғы түлектері, жоғары оқу орындарына шартты түрде қабылданған студенттер, сондай-ақ, шетелде білім алған түлектер, ҚР азаматы болып табылмайтын, шетелде білім алған ұлты қазақ жастар қатыса алады.

Орталықта мәлімдегендей, сынаққа қатысушылар тіркелу кезінде тестілеу өтетін орынды, күнді және уақытты өзі таңдауға мүмкіндігі бар. ҰБТ тапсыру құны – 4230 теңге.

Айта кетсек, қаңтар айында өткен ҰБТ сынағына 123 мыңға жуық талапкер қатысып, олардың орташа нәтижесі 76 балды құрады. 102 мың талапкер шекті балл (50 балл) жинады. Тест тапсырушылардың 95 мыңы (77%) – қазақ тілінде, 28 мыңы (23%) – орыс тілінде, 91 түлек ағылшын тілінде тест тапсырған.

Өз тілшімізден



● МӘСЕЛЕ

Кей ауылдың үйінен бейіті көп

Кей ауылдар тозып, үйлері құлауға айналған. Ал, бейіттері керісінше, қалың. Тірілердің ауылынан гөрі өлгендердің «ауылы» «өсіп» барады. Кесене мен күмбездері бір бөлек. «Бақсақ, бақа екен» демекші, тіпті, банктен несие алып, зәулім бейіт көтеретіндер де бар көрінеді. Осы қаншалықты дінге де, ақылға да сыйымды? Олай болса, мамандар пікіріне, шариғи шешімге жүгініп көрелік. Бұл арада әңгіме тарихи кесенелер туралы емес. Бірден басын ашып алайық. Мәселе кейінгі зират салу бәсекесі жөнінде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шариғат не дейді?

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шығарған «Зират және зиярат мәдениеті» кітабының «Зират көтеру мәдениеті» тарауында: «Мұсылман жұртшылығы қайтыс болған кісінің есімі мен жатқан жері белгілі болсын деген мақсатпен оның басына құлпытас қоюды әдетке айналдырған. Құлпытастардан бөлек зират басына үлкен ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызу марқұмға ешқандай пайда бермейді. Өлілер үшін пайда келтірмейтін істі «тірілер көрсін немесе естісін» деген ниетпен жасау Алланың разылығынан алыстатады...

...Шариғат заңдары зираттарды сәндеуді, үлкен ескерткіштер орнатуды талап етпейді. Керісінше мұсылман зираты барынша қарапайым болғаны жөн. Қорымға қойылатын құлпытастарды бір-бірінен асып түсетіндей етіп әсіре сәндеу немесе оған мол шығын жұмсау ысырапқа жататындықтан шариғат мұны құптамайды. Дініміз ондай әрекетке тыйым салады» делінген.

– ҚМДБ ашқан «Қамқор-Шарапат» салттық қызмет көрсету орталығы жерлеу-рәсімдеу жұмысымен айналысады. Мақсаты – зираттарды, жерлеу рәсімдерін бірізге келтіру. Астанадан басталған қызмет негізінде Саран қаласындағы Сұрыптау кентіндегі зиратта тиісті жұмыстар атқарылуда. Яғни, мұнда зират жалпы қоршалады да бейіт басына тек құлпытас қойылады. Болашақта облыстағы басқа да зираттардан осындай сектор ашылып, бірізге түсірілмек. Бұл бәсеке мен ысырапты тыюға септігін тигізетін ізгі іс, – дейді осы орталықтың Қарағанды облысы бойынша жауапты өкілі Бақдәулет Қыдырбайұлы.

Тарихи күмбез – құнды дерек, қазіргілер – бәсеке

Дегенмен, археология, этнография мамандары мұндай күмбездерсіз тарихи дерек алу қиын екенін айтады.

– Атақты адамдардың басына күмбез орнату – ертеден келе жатқан дәстүр. Ол қола дәуірінен басталады. Бұл әлемнің барлық жерінде кездеседі, мұсылман елдерінде де бар. Егер, Ахмет Яссауи, Қарахан, Айша бибі, Алаша хан, Жошы хан, Домбауыл секілді көптеген кесене болмаса, тарихымыздан сыр шертетін, бабаларымыздың діні, ділі, өмірлік ұстанымы, ғылымы, архитектурасы туралы деректер ала алмаған болар едік. Жерленген тұлға, пайдаланған материал, құрылыс салу тәсілі, жерлеу ғұрпы, кірпіштің көлемі бәрі ғылым үшін маңызды.

Қазіргі ақшасы бардың бәрі салып жатқан мәрмәрленген күмбездер – байлықтың, бәсекенің көрінісі, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейі жалпы тарих, археология және этнография бөлімінің басшысы Дәурен Жүсіпов.

Ал, осы саланы зерттеп жүрген археолог ғалым Темірғали Аршабеков бұл бейіт күмбездің тарихта шекаралық белгі ретінде салынғанын айтады. Қазір ше? Қазір қандай белгі?

– Қазақ халқының салт-дәстүрінде бұл «күмбез, кесене, бейіт, төрт құлақты бейіт» деп те аталады. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, Орталық Қазақстан өңірінде күмбез, кесенелер шекаралық белгі ретінде салына бастады. Себебі, әр рудың патша отарлығы кесірінен бұрынғы көші-қон жері тарылды. Әр болыс белгілі аумақтағы жерге көшіп-қонуы тиіс болды. Салынған күмбез, кесенеден сол жерде қай тайпа, рудың өмір сүргенін білеміз. Негізінен күмбез, кесенелер белгілі, атақты тұлғаларға қойылған. Ал, қазір ақшасы бардың бәрі еңселі бейіт көтереді. Мұсылмандық рәсім бойынша, қайтыс болған адамның басына құлпытас қойылады. Құлпытас – үлкен философия. Жоғарғы жағы дөңгеленіп, айдың белгісі қойылып, төменгі жағына адамның өмірдерегі жазылады. Ал, суретін қашау кеңестік дәуірден қалған. Негізі бұрын сурет қашалмаған. Мұны шариғат та құптамайды, – дейді тарихшы Темірғали Тілеубекұлы.

Ел ішінде әр рудың жеке қорымы бар

Қарағанды маңындағы «Соқыр» қорымына «Жалаңтөс батыр» есімі берілді. Бұл жерге алдымен «Соқыр» атанып кеткен Жалаңтөс батыр жерленген. Кейін келе маңайы осындағы елдің өмірден өткен туыстарының бейітімен толысыпты.

– Қорым қалада және қала маңында тұратын халықтың өмірден өткен жақындарын жерлеуге арналған. Аумағы 15 гектардай жерді алып жатыр. Мұнда өмірден өткен туысыңызды жерлегіңіз келсе, жердің және бейіт көтерудің ақысын төлесеңіз болды. Бәрін атқарып беретін ұйым қызметіңізге дайын. Орта есеппен жері мен қызметіне 140-150 мың теңге қаражат керек, – дейді қорымдағы бейіт қазу, көтеру жұмысымен айналысатын «Айжан-1» ЖШС қызметкері Мейрамбек есімді жігіт.

Мәселен, Қарақалпақстандағы Беруний ауданында «Сұлтан-Уәйіс» зираты бар. Сұлтан Уәйістің мавзолейі осында орналасқан. Тұрғылықты халық атақты ислам ғұламасының маңайына өмірден өткен туыстарын жерлеп, үлкен қорымға айналдырған. Сұлтан Уәйіс мавзолейі – Орта Азиядағы ірі рухани орталықтардың бірі. Ол туралы ел аузында түрлі аңыз бар. Сұлтан Уәйіс қазақ, өзбек, қарақалпаққа ортақ тұлға.

Айтпағым – ол жақта әр ауылдың маңынан жеке қорым ашу деген мүлдем жоқ. Өмірден өткендер сол ортақ қорымға жерленеді. Ал, біздің, әсіресе, Арқада әр рудың, ауылдың жеке қорымы бар. Ол жердің кеңдігінен болса керек. Оның үстіне, Арқада қыс қатты әрі ұзақ, аудандар мен ауылдардың арасы да алыс...

Әр өңірде, әр аудан, қала, ауыл, кент маңында елдің өз қорымы бар. Қарағанды қаласы маңында да бірнеше қорым бар. Байқағанымыз – ауылдар азайып, бейіттер, қорымдар көбейіп барады.

«Әр елдің салты басқа, иттері қара қасқа». Әлем жұртының рәсімі де әртүрлі. Мысалы, арабтар өмірден өткен кісіні жерлеп, топырағын үйіп, үстіне тастан белгі қояды. Шотландтар ертеректе ағашты ойып, мәйітті ішіне салып жерлеген. Яғни, сыртына емес, ішіне көп мән берген. Тағысын тағылар.

Ал, қазақ баласы ислам дініне сүйеніп, өз салт-дәстүрі негізінде жерлейді. Дегенмен, «күндердің-күнінде осы бейіттер шаһарға айналып, өлілердің қаласы пайда болғанда, қоғам қайтер екен?» деген көкейдегі сұраққа көп жыл жауап ала алмай келеміз.

Жез қарғылы желтабан

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ауыл азаматының ел сүйсінер ерлігі

Жалпы, дәл осы қазақы тазы жайын қолға алып, ат терлетіп жүрген жалғыз ұйым бар екен. Ол «Қансонар» бірлестігі. Бірақ бұл ретте ол ұйымға шығар мүмкіндік бұйырмады. «Жерден жеті қоян тапқандай» тамсанып, талғажау қыларымыз тұмсықтың астындағы Кеншоқы ауылының азаматы Асхат Аманбаев.

Байырғы қазақтың қалың малға қырық жорға орнына берер қазақы құмайы дәл осы ауылда десе нанарлық. Иә, иә 1940-1947 жылдары қазақы тазы құны 20-30 жылқы болған деседі. Шындыққа жанасар-ақ жазба. Сталиндік солақай саясаттың тұсында бір ауылды бір тазы асыраған – тарих. Әпсанасы әлі құлақта. Ал, құмайға құралай құдырып, жез қарғы тағып, жезқанат еткен Асхаттың аузы не дейді соны тыңдайық.

– Әлемнің барлық жүйрік иттерін ұстадым. Оның ішінде таңдаулылары ағылшындардың грейхаундын, арабтардың салюкиін, қырғыздың тайғанын, орыстардың барзоясын, украинның хортесін бақтым, баптадым. Салыстыра келе бұлардың біреуі қазақы тазыға төтеп бере алмады. Ол жүйріктігі болсын, ол климатқа бейімделуі болсын, кез келген қашықтықта жалтаруы мен иісшілдігі де қалыс қалған. Салюкилер Арабияның ыстығына үйренген қанша жерден қара құмда қарақұйрық қақса да, тықыр, суыққа шыдамайды.

Ал, ағылшынның грейхаундына арнайы күтім қажет. Оған жас баладай әлпеш керек екен. Тайғанның да мың әуресі бір басына жетерлік. Хортенің де салюкиден айырмасы шамалы. Жүні тықыр, жел ессе жетім күшіктей жасып қалады. Ең бастысы еуропалық иттер таңнан қара кешке дейінгі ат соңындағы сүркілге шыдамайды. Содан қазір қолыма тек 30-дан астам қазақы тазыларды ғана алып қалдым. Қолымдағыларды қазақы тазы деуіме негіз бар. Себебі, нағыз қазақы құмай сұлу қыздай сыланып тұрады, – дейді аңшы Асхат Аманкелдіұлы.

Расында, қазақы тазыны қазақтың көзі танымайтын ба еді?! Кешегі Кенесарыдай ер қырғыздардың әйгілі «Көкдауыл» тазысына тамсанғаны тарихта тұр. Асхаттың қазақы тазы танымы дәл Аркадий Слудскийдің стандартына сай. Бұл – ауыл тұрғынының ел сүйсінер ерлігі.

Аңшы пайымына хақ берсек тазының көру, сезу, есту қабілеті жақсы дамыған және аңшылық мүмкіншілігі һәм амал-айласы басқа иттерге қарағанда көш ілгері көрінеді. Нағыз алғыр тазы секундына 30-40 мың дыбыстық тербелісті, тіпті кейде 70-100 мың қимыл-істі табан асты қабылдап, ажырата алады. Әрі иіс сезу қабілеті – 1,5х1,5 метр (бұл мөлшер адамда 5х5 см). Құмай тазы аңды қуғанда бір екпінмен 20-30 шақырым ұзақ жүгіре алады екен. Ал, бітімі: (еркек тазының) биіктігі – 65-70 см, салмағы – 20-25 келі деседі.

– Қазақ тазысы салюки немесе ауған тазыларына қарағанда 2-5 см аласа келеді. Қырым-кавказ тазыларымен салыстырғанда тұрқы – 5-6 см ұзын, салмағы 4-5 келіге ауыр болады. Сонымен қатар, оның өзіне тән арнайы белгілері де бар. Қазақта тазыны жарғақ құлақ және шашақ құлақ деп екіге бөледі. Қазіргі таңда шашақ құлақ тазыны көп өсіру қалыптасқан, – деп тағы бір түйді аңшы Асхат.

«Ұлт құндылығына бейжай қарағым жоқ»

Аталған ерекшеліктерден бөлек нағыз қазақы тазының ұрғашысы (қаншығы) еркегінен (арланы) гөрі алғыр әрі ширақ келеді. Ұрғашы тазы 7-8 айында аң алады. Еркектері 1-1,5 жасында толық жетіледі. Бұл дерек – байырғының пайымы, дәлелі қазақы аңшылықта. Дәл осы тұрғыда мынадай сұрақ туындайды. Ұрғашы тазы алғыр болса, ол күз басында жұптасып (қарығып) күз аяғында күшіктейді емес пе?! Сонда дәл қар жауған қансонарда күшіктеген күміс қарғылы қаншық желіні жер сызып аңға қалай жетпек деген. Оған Кеншоқының кесек аңшысы былай жауап қатты:

– Жылына тек жасы келген қаншықтарды күшіктетуге тырысамыз. Ал, жас тазылардың ұйығатын кезі басталысымен, жеке жерге 20-25 күндей босатпастан байлап қоямыз. Осы уақыт аралығында қаншықтың қарығы басылып, күйлеуін доғарады. Кей жерлерде ашы құрт береді немесе арнайы дәрі егіп күшік тастатады деп естимін. Мен олай қиянат қылмаймын. Түрлі дәріден зардап та көп. Ұлт құндылығына жүрдім-бардым қарағым жоқ, – деп жеткізді Асхат Аманбаев.

Асылында аңшы қолындағы тазыларды күшік кезінен егіп, алдымен ішек құрттарын түсіреді. Сосын айына үш реттен әдейі арнап дәрумендер береді. Арнайы құтырма, шошқа тұмауы секілді ауруға қарсы вакциналар да салып тұратынын да айтты. Тазыны тек қана баптап аңға салып қоймай оның денсаулығына да өте үлкен жауапкершілікпен қарайтыны исі қазақ баласын оның ішінде, аңшылыққа аңсары ауған ағайынға ақтарыла айтар мақтаныш. Осындай жанашыры бар, қабылданып жолға қойылған Заңы мен қолдауы қалыптасқан «Құтаяқтың» із-жолы құтты-қайырлы болғай!

Асхат Аманбаевтың тазылары алған жүлделер

Президент тапсырмасын орындай отырып...

«Ашық әкімдік» – ашық диалог

Балқаштықтар үшін мемлекеттік қызметтерді және мамандардың кеңесін алу жеңілдемек. Енді, әкімдік қызметкерлеріне кіріп, мәселесін шешу үшін кабинет алдында кезек күтудің қажеті жоқ. Шағын шаһарда жаңа ғимаратқа көшкен «Open Akimat» өз жұмысын бастады. Мұнда қала тұрғындары «Бір терезе» қағидаты бойынша қажетті мемлекеттік қызметтерді алып қана қоймай, шағыммен немесе ұсыныспен жүгіне алады.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Сервистік орталықта жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар, кәсіпкерлік, білім беру, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жер қатынастары және сәулет бөлімдерінің мамандары қабылданады. Болашақта мұнда қала әкімінің азаматтарды жеке қабылдауы ұйымдастырылмақ. Қараменде би көшесіндегі 15-үйде орналасқан «Ашық әкімдіктің» жұмысы тұрғындар үшін оңтайлы болмақ. Мұндағы мамандардың мәлімдеуінше, «Ашық әкімдік» қоғамдық қабылдау форматында жұмыс істейді. Егер де тұрғынның мәселесін шешу үшін қала басшысының не болмаса орынбасарларының көмегі қажет болса, оны азаматтарды қабылдауға арналған 1-қабаттағы кабинетке кіргізеді. Сондай-ақ, кеңсе қызметкерлері елдің жағдайын жақсартуға бағытталған тұрғындардың ұсыныстарын жинап, саралайтын болады.

Айта кетейік, қала халқына 15 терезеде қызмет көрсетіледі. Мұнда олар 50-ден астам мемлекеттік қызмет ала алады. Ыңғайлы болу үшін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы да орнатылған.

БАЛҚАШ

• МЕРЕЙТОЙ

Ұлттық өнердің Ұлпаны ұлықталды

Үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетіп, үлкенді аға тұтып, кішіге қамқор болған, қазақы қалпынан айнымаған қарқаралылықтар Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Парасат» орденінің иегері, Қарағанды облысы мен Қарқаралы ауданының Құрметті азаматы, жерлесіміз Рымбала Кенжебалақызы Омарбекованың 80 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өтті.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ел таныған тұлғалар тізбегін жалғастырып, ырысы артып, ынтымағы жарасқан елдің қайсар қызы, қайратты қызы, елі ерен еңбегін құрмет тұтқан, туған халқы мақтан еткен Рымбала Кенжебалақызы халқының зор ілтипат-қошеметіне бөленді. Халық өзінің төл баласының ерен еңбегін ескеріп, атағын дәріптеп, есімін ешқашан естен шығарған емес. Ұлылардың ұясы, қырандардың қиясы атанған Қарқаралының тумасы, өнердің шын жанашыры, облысымыздың өнерін өрнектеп, тарихын түгендеп, дәстүрін дәріптеуге саналы ғұмырын арнаған мәдениет жанашыры Рымбала апай көпшіліктің ыстық ықыласына бөленді.

Мерейтойлық шараға Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Кеңес Жұмабеков, облыстық Сәкен Сейфуллин атындағы академиялық қазақ драма театрының директоры Құрман Қалымов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің директоры Талғат Ыдырысов, Қарағанды жоғары медициналық интерколледжінің басшысы, ҚР Денсаулық сақтау саласының үздігі Аманжол Нұрбеков, «Сарыжайлау» кинотеатрының директоры Саят Әбдіғали, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ректорының кеңесшісі Мирас Құттыбай, Қазақстанның Құрметті журналисі Сағат Батырханова бастаған мәртебелі қонақтар қатысты.

Елінің құрметіне бөленіп жүретін апайымыз, мәдениет саласының өсіп-өркендеуіне бар ынта-жігер, ықыласымен бел шеше кірісті. Әсіресе, өнерге икемі бар жас таланттар мен өнер ұжымдарына қолдау көрсетуде аяныпқалмады. Аудандық өнер ұжымдары «Салтанат» ән-би ансамблінің, «Балқантау сазы» ансамбльдерінің шетел сахналарында өнер көрсетуі, аудандағы 44 кітапхананың 11 модельдік кітапхана атанып, алдыңғы қатарда жүруі де Р.Кенжебалақызының елі үшін жасаған ерен еңбегінің бір парасы ғана. Рымбала Кенжебалақызының алғашқы еңбек жолын А.Шанин атындағы халық театры сәтті сомдаса, «Салтанат» ән-би ансамблінің өнері де көрермендер көңілінен шықты.

Шара барысында, аудан әкімі Ерлан Құсайын Арқа мәдениетінің дамуына өлшеусіз үлес қосқан Рымбала Кенжебалақызы мен кеш қонағы Кеңес Жұмабековке жылы лебізін білдіріп, сый-құрметін көрсетті.

Салтанатты шараның көрігін мерейтой иесінің шашбауын көтере келген күміс көмей әншілер Сержан Мұсайын, Ержан Найманбаев, Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері Рысты Рахимжан, Арайлым Жүкенова, Сырым Хордин, Мейрамгүл Карибжановалар қыздыра түсті.

Ата тарихқа жүгінсек, ерге бергісіз талай бұрымдының болғанын көреміз. Сол қазақ қызына деген қайсарлық пен батылдық өн бойына дарыған қайраткер апай құшағын гүлге толтырып құрметтеген еліне шексіз ризашылығын білдірді.

Қарқаралы ауданы

• ЭКОЛОГИЯ

Климаттық диалог алаңында

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев көміртегі бейтараптығына қол жеткізу үшін 2030 жылға қарай парниктік газдар шығындыларын 15%-ға азайтуды талап ететін Жарлыққа қол қойды. «АрселорМиттал Теміртау» компаниясы бұл тапсырманы орындау жолында алғашқы жобаларды талқылап, оңтайлы шешім іздеу үшін климаттық диалог алаңын ұйымдастыруға жәрдемдесті.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Көмір өнеркәсібін декарбонизациялау және ESG технологиялары» іс-шарасы Теміртау қаласында өтті. Қаңтар айының соңында мемлекеттік органдар басшылары, ЕО, ЕҚДБ, Green academy, ESG Rating Agency және «АрселорМиттал Теміртау» АҚ еліміздегі көміртегі бейтараптығына қол жеткізу перспективалары мен орталық көміртегін реттеу мәселелерін талқылау үшін дөңгелек үстелге жиналды.

2013 жылдан бастап Қазақстан «жасыл» экономикаға жол бастап, осы жылдың 2 ақпанында Президент Жарлығымен елімізде көміртегі бейтараптығына қол жеткізуге көшу стратегиясы бекітілді. Бұл құжат екі жылдан бері әзірленуде. Стратегияның қабылдануы, бір жағынан, Қазақстанның Париж міндеттемелерін орындауға дайын екендігін растау болса, екінші жағынан, бұл күрделі сынақ. Стратегияның ел деңгейінде қабылдануы барлық мемлекеттік бағдарламаларды, стратегиялық жоспарлау жүйелерін ESG қағидаттарын, декарбонизация және тұрақты даму қағидаттарын біріктіру тұрғысынан қайта қарау керек дегенді білдіреді, – деді Қазақстан Президентінің жанындағы Жасыл экономика кеңесінің мүшесі, «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығының директоры Бақыт Есекина.

Дөңгелек үстелді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ қолдауымен және Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті, ЕО делегациясының қатысуымен «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығы ұйымдастырды. Негізгі міндеттер сындарлы диалог, халықаралық трендтерді талқылау және ел кәсіпорындарының көміртексіздендіруге дайындығы болды. Бұл технологияны енгізудің өзектілігі жаһандық климаттық үрдістерге тікелей байланысты. Қабылданған Стратегия 2060 жылға дейін әзірленген. Құжатта соңғы 20 жылда Қазақстанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі айтарлықтай өскені атап өтілген. Сәйкесінше, парниктік газдар шығарындыларының да саны артқан. 2020 жылға қарай өнеркәсіпте отынның жануынан болатын шығарындылар 1990 жылмен салыстырғанда 144% деңгейге жетті. Еліміздегі шығарындылардың 54%-ы металлургия өндірісінен келеді.

Алпауыт компания Республика өнеркәсібін көміртексіздендіру бастамасында маңызды роль атқара алады. Ол – болат өндіру бойынша ТОП-10 әлемдік көшбасшылар қатарына кіретін компания. Декарбонизация бойынша да компания жақсы тәсілдерді қолданады. Мысалы, 2021 жылдың 17 наурызында компания төмендетілген көміртекті және нөлдік көміртекті болат брендін шығарды. Сондай-ақ, «жасыл» инновациялардың ауқымды бастамалары мен жобаларын жасады, – деді ҚР Индустрия және инновациялық даму министрлігі Индустриялық даму комитеті төрағасының орынбасары Тұрар Жолмағамбетов.

Еліміздің металлургия өнеркәсібіндегі «АрселорМиттал Теміртаудың» үлесі шамамен 30%-ды құрайды.

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев көміртегі трансформациясын жеделдетуді тапсырды. Экологиялық жобалар көміртегі бейтараптығына қол жеткізу кезеңдерінің бірі. 2023 жылы «АрселорМиттал Теміртау» шығарындылар мен көміртегі іздерін азайтуға бағытталған бірқатар жобаларды аяқтайды. Бұл ЖЭО-ПВС-тағы № 1 және 2-ЖЭО-дағы № 7 қазандықтарды ауыстыру, кокс өндіру цехындағы жаңа аспирациялық жүйе, агломерациялық зауытта қап сүзгілер, трансформаторларды ауыстыру сынды жобалар.

– Декарбонизация процестері барлығына бірдей әсер етеді. Әрине, компанияның басты мақсаты – халқымыз бен жергілікті қауымдастықты дамыту, олар орналасқан аймақтарда өмір сүру деңгейін көтеру, – деді «АрселорМиттал Теміртау» АҚ бас директоры Владимир Яблонский.

Экология министрлігінің өкілдері құжаттар мен есептерге үлкен қызығушылық тудыратынын және бұл Үкіметке практикалық ұсыныстар беру үшін пайдалы болатынын ерекше атап өтті. Шара соңында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, ҚарИУ және «Жасыл Академия» ғылыми-білім беру орталығы арасында өзара ынтымақтастық туралы меморандумға

«Нұра» сабыны сатылымға шықты

Елімізде жастарға көңіл бөліп, оларды барынша қолдау ерекше қарқын алуда. Бір ғана жастар бастамасын дамытуға берілетін грант жастар арасындағы жұмыссыздық мәселесін шешуде. Осы бір қайтарымсыз қаражаттың қайырын көріп отырғандардың бірі – нұралық Шыңғыс Қадырбаев.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жеке кәсіп ашқысы келетін адамның белгілі бір сомада қаржысы болуы керек. Жастарда мұндай мүмкіндік бола бермейді. Ал, кәсіпкерлікті қолдау мақсатында берілетін грант бастамасын жүзеге асыруға қолайлы. Мен облыс әкімінің 2 млн. теңге көлеміндегі грант иегерімін. Сабын жасау ісін қолға алдым, – дейді жас кәсіпкер Шыңғыс Қадырбаев.

Ол отбасылық кәсіпке өз үлесін қосу мақсатында сабын жасаудың қыр-сырын меңгереді. Бұл бастаманың жүзеге асуына елімізде кейінгі кезде сабын өнімдерінің қымбаттап кетуі түрткі болған. Осыған дейін ресейлік сабын өнімдерінің сапалысын саудалап келген болатын. Отандық өнім қатарын толықтыру жас азаматтың әкесімен бірге ақылдаса отырып жүзеге асырған кәсібі. Осы өндірісте тәжірибесі бар арнайы технолог мамандардан білімін толықтырады. Көріп-біліп, үйренгеннен кейін өздері жасап, айналымға шығарады.

Бизнес жоспарды жүзеге асыру, әрі еңбекке ұмтылу, бастысы мемлекеттің жастарға деген қолдауын дұрыс пайдалана білуге ынталы жас кәсіпкер өз ісінің білгірі.

– Сабын жасауда түрлі шикізат өнімдерін пайдаланамыз. Таза әрі табиғи шикізатты Қарағанды, Ақмола облыстары мен Семей, Көкшетау қалаларынан аламыз. Көбіне өнімнің сапасына мән береміз. Жасалу әдісі – құпия. Бастысы сұраныс бар. Яғни, 200 келі мен 500 келі аралығында жөнелтіп отырамыз,– дейді кәсіпкер.

«Нұра» атауымен сатылымға шыққан сабын Қарағанды және Ақмола облысында саудалануда. Әзірге екі адамды жұмыспен қамтып отыр. Алдағы уақытта кәсіпкерлік аясын кеңейту жоспарда бар. Сәйкесінше, жұмыскерлер қатары да артпақ.

• СТРИТЛИФТИНГ

Tartyl Fest тарланы

Аталған турнир – Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы DARA таланттарды қолдау қорының бастамасы мен жобасы. Соңғы уақытта спорттың workout атты заманауи түрі ең ауқымды іс-шаралардың біріне айналуда. Tartyl Fest-ке барлығы 7 мыңнан астам қазақстандық қатысты. Аталған додадан Руслан да қалыс қалмады.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Іріктеу турнирінде 44 рет тартылып, бірінші орынға ие болып, гранд-финалға жолдама алдым. Финал өткен жылы өтуі керек еді, бірақ мерзімі кейінге шегерілді. Бізге жарыс күнін бір ай бұрын ғана хабарлады. Бірден дайындала бастадым. Бәсеке тартысты өтті. Турнирге кіл үздіктер жиналыпты. Менің санатымда 17 адам бақ сынасты. Жеңімпаз атану жеткіліксіз. Енді, Финляндиядағы әлем чемпионатына жолдама алу қажет, – дейді Руслан Фатахов.

Руслан воркаутпен, стритлифтингпен бес жылдан бері кәсіби түрде жаттығады. Ол қазірдің өзінде бес дүркін әлем, алты дүркін Еуропа чемпионы. Бұған қосымша салмақпен Гиннестің рекордтар кітабының алты дүркін рекордшысы болғандығын қосыңыз.

Шахтинскіден қанаттанып, жұлдызы жанған жас спортшының мақсаты айқын. Келешекте өз мектебін ашып, шәкірт тәрбиелегісі келетін рекордсменге біз де сәттілік тіледік.

Жас кәсіпкерге – жаңа бағдарлама

Аймақ жастарының бастамасын қолдау мақсатында бюджеттік несие беру бағдарламасы іске қосылмақ. Жас кәсіпкерлерді қолдау үшін 1 млрд. 620 млн.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа бағдарламаның бастамашысы – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. Бюджеттік несиенің берілуін Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы мен облыстық әкімдік бақылайтын болады. Несиелер Аграрлық несие корпорациясы арқылы іске асырылады. Бюджеттік несие 5 жылға жылдық 2,5%-бен беріледі.

Бағдарлама 35 жасқа дейінгі, кемінде бес жыл жеке кәсіпкер ретінде жұмыс өтілі бар жастарға тиесілі. Кепіл зат міндетті түрде болуы қажет. Жеңілдетілген несие алушы жас кәсіпкерлер бизнестің кез келген түрімен айналыса алады.

– Құжаттар мен бизнес-жоспарды үміткерлер Аграрлық несие корпорациясына ұсынатын болады. Біз бұл несиеге қызығушылық танытқандар көп болады деп күтеміз. Әр үміткердің мүмкіндіктерін әр түрлі жағынан қарастыратын арнайы комиссия құрылады. Қажеттілік бойынша белгілі бір саланың сарапшыларын шақырамыз, – деді жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Әсем Жүніспекова.

Атап өтерлігі, мал шаруашылығымен айналысам деушілерге несие жеті жылға дейін беріледі.

Үміткерлер бизнес жоспарын комиссия отырысында қорғайды. Іріктеуден өткен үміткер микронесие беру туралы, халықты жұмыспен қамту жөніндегі жергілікті атқарушы органмен және Аграрлық несие корпорациясымен кепіл шартына қол қояды. Қажетті құжаттар тіркелгеннен кейін несие корпорациясы бес жұмыс күні ішінде қаражатты жас кәсіпкердің шотына аударып береді.

● ТАНЫМ

Салынба, қылсаң-дағы сан құмарлық

«Қызарып атқан таңда, мынау зауал таңда... Айттым аталық қарғысымды. Менен туған арам қан, бәдбәхіт нәсілдерім мынау екеуі. Жаратқан ием, я кәрім Алла, менің қолымнан өлтіртпедің. Бендең болған бар тілегім, ақ тілегім сол болсын. Ал мынау екеуін! Жібер өзіңнің ақ бұйрықты ажалыңды. Уын, зәрін өзгеге жаймай тұрғанда жой көздерін, жоғалғырлардың!» – деп қолының сыртымен теріс батасын етіп салды». Бұл сөз – Құнанбайдың қарғысы. М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясынан алынып отырған оқиға. Абай Құнанбайдың қолын қағып жіберіп, Әмірді өлім шеңгелінен бір-ақ жұлып алады. Құнанбай Абаймен ұрысты сәтте тыйып, суық тілек, қатал кек қимылын жасап балаларына теріс бата, қарғыс бата айта бастайды. Оған себепші болған немересі Әмірдің мінезі еді.



Шынайы орны да бар Құнанбай наразылығының себебі – ұрпағының құмарлыққа салынып, ұят іс қылуы. Құнанбайдың қарғысқа жүгінуі, ұрпағын құрбан, садақа қылуы күні өткен кісінің соңғы, қайратсыз қарсылығы іспеттес көрінер. Алайда, қатты түршіккен ыза, сұмдық көріп жиреніштен туған наразы көңіл аталық тыйым салмай тұра алмас еді. Құнанбай, кәрілік жетіп өлер күні тақаған шақта тұрса да, қарсылық көрсетпей келмеске кетпес-тін. Әмір – Құнанбайдың Құдайбердісінің әйелі Ботантайдан туған немересі. Үмітей – Құнанбайдың ұлы Ысқақтан туған. Ағайындылардың ұл мен қызы. Әмірдің екі қатыны, үш баласы бар болған деседі. Романда жазушы Әмір мен Үметей әлегі туралы «Әмір бастап, үлкен сауыққа салынып жүрген бір топ жігіттердің хабары Абай мен Ерболға бұрын да мәлім болатын» деп жазыпты. Жазушының осы бір қысқа, шағын сілтемесі оқырманды Абайдың «Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» атты өлеңдеріне әкетеді.

Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге симайды. Дегенмен, ақынның мына екі өлеңі Абай балалық қылмай үлкендерден білімі артып, ел ішінде жұртты аузына қаратып, басшылыққа бұрынғы төрелермен талас қылып, әкесіне қызмет қылушы болғанын анық баян етеді. Әкесі Құнанбай да өз заманында тентектің тәубесін еске түсіріп, тыйып, жерлепті. Көп жұрттың діннің не екенін білмей, қан жеп, неше түрлі ырымдарға табынып жүргеніне қатты тыю салып, ұрпағына ғылымының жолын көрсетіп үлгі берген. Әуезовтің «ұятты оқиғадағы» Әмір мен Үмітейдің қылығын суреттеуі мен Абайдың қос өлеңін салыстыра отырып оқысаңыз, сол күнгі Үметей тойының Абайға да, Құнанбайға да сауық емес, сергелдең болып тигенін көреміз. Сірә, Абай өлеңіндегі келесі жолдар тууына Әмірдің есер еркелігі де әсер еткен сыңайлы: «Тоқтау көрмей өскен жанның бәрі даңғой келмей ме, батырдан барымташы туар даңғой, қызшыл да, қызықшыл да әуре жан ғой». Қызқұмар да, қызықшыл да жанды іздесеңіз романдағы сауыққа салынған Әмір бейнесі сұранып-ақ тұр. Романда үлкен сауыққа салынып жүрген жалғыз Әмір ғана емес, «сал», «сері» болып жүрген бір топ жігіттер аталады. Дүниеде бар жаман да – көпте, бірақ қызық та, ермек те – көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды? Әмір сал-серілер тобына бас болса, сал ағасы өзге жігіттерден жасы үлкен, бойы, бітімі де келбетті келген Байтас екен. Барлық сал Байтасқа жүрісін бастатқанмен, әнісәнін Әмір мен Үметейге бағынтады. Иісі Олжай ортасына әншілігі, көркі, әсемдігімен даңқы шыққан Үметей күйеуге ұзатылатын шағы жетіпті. Бұрыннан қайындап жүрген күйеуі – Көкше Қаратайдың туысы, Алатай баласы Дүтбай. Әмірді тойға шақырып алған Үметейдің өзі. «Мені өзің ұзат, әніңмен ұзат, қасымда бол» деп өтінген. Той Дүтбай мен Үмітей тойы болмай қалды. Асқақ сері, әнші Әмірдің қызығы болып кетті. Тойға келген жұрт «Тыйыла алмай-ақ қойған екен!» деп сөз қылды. Дүтбай Әмірден көрген қорлығын Қаратайға жеткізіп, Құнанбайға бар, тыйғыз мынау бүлігін деп тапсырды. Құнанбайға тілдесуге үлкен ыза буып келген Қаратай Үмітей, Әмір, Дүтбай үшеуінің арасында жүрген ортақ әлекті ірікпей айтып шыққан еді. Түнделетіп, түс шайысып, қабақ қатып келген Қаратай аса бір салқын зілмен сөйлеп, «Ел ішінде «салдық» деген әуегейлік, ыбылыс, жын» шықты. Сал мынау желіккендеріңе тыйымыңды!» деп тоқтады.

Құнанбайға Қаратайдың иісі Көкше атынан келген келісінің себебі белгілі болатын. Қаратайдан бір күн бұрын Құнанбайға Айғыз күйеуіне келіп бір шағым арыз айтып кеткен. Үмітей Көкшеге ұзатылатын күні Есқожа ауылында болған ұятты оқиға турасында. Есқожа Қарабатыр ішінде Айғызға төркін еді. Үмітей болса, бұған сіңілі есепті. Айғыз тойды тастап кетерінде Есқожаға ызаланып: «Салдарды неге тыймадың, жын ойнағын неге жасаттың» – деп кінәлаған. Есқожа болса, Құнанбайдың немересі Әмірді өзінің қуа алмай, тыя алмай отырғанын шаққан болатын. Құнанбайдың қарғысына қарамай, тыйымсыз кеткен Әмір әсіре салдыққа салынып, бір тоқтау таппайды. Құдайбердінің Шәкесі Абайға келіп айтып, тоқтау салуын сұрайды. Өлер шағына жеткен бабасынан сұмдық қарғыс алған Әмір бұрынғы мінезіне қайтадан тағы бастағалы отыр. Түнеугі салдарының бәрін кешеден бері отауына түгел шақырып алып, әлем-жәлемдерін тағы да киініп, тағынып алып және бір қыр бастап отыр. Көңілден кетер емес нәпсі буы. Шәкенің салдардың «әлем-жәлемдерін» – тағы да киініп, тағып алды дегені сал-серілердің түрлі-түсті басқалардан өздерін өзгеше көрсететін сыртқы киімдері.

Жалпы, киім атаулығы алғашқы адамдар қорғаныш, қоруыш, сейпіл есебінде қараған. Інжілде Алла Тағала жұмақтан жерге қуардан бұрын Адам ата мен Хауа ананың иығына тері белбеу, киім ілді делінген. Тері киім кигізу дегеніңіз – Адам баласының белгісіз бір ұзақ даму сатысында, кезеңінде көзге көрінбес, қолмен ұстап көрмес, сәулелі, нұрлы тін ахуалынан қазіргі материялық түріне, қалыбына бірте-бірте ауысуы. Бір кептен екінші кепке құйылуы. Кебін – киіндіру. «Меннің» «менікімен» қапталуы.

Бар нәрсе жоғалмайды, өзгереді. Абай да өлеңінде өз заманындағы жігіттерге адам атын сақтап қалу жолында «құмарлыққа салынба, тыйыл» деп кеңес береді. «Көп жүрмес жеңсіккойлық, тез-ақ тозар». Тозу. Күтпесе, бақпаса, қарамаса киім де, кісі де, адам аты да тозады. Мысалы, В.Даль сөздігінде «кунья» – ескі, тозған жамылғы деп көрсетілген. «Кунья» бұрын құрметті атақ болатын. «Бегімсал» – ескі, тозған киім. «Бегім» – ел билеген қатын. «Сал» – тайпа атауы, қайраткер, жаратушы. Этрусскіде «Сал» – құрбан ету. «Сал» – құлшылық ету құдайға, құт дарытушыға, құтқарушыға. Индо-европейлік тілде «Kut» – (құт) – киіндіру, жасыру. Құт+қар. Құты. Құты қашты. Әмірдің әлегі, ұят ісі ұзату тойының құтын қашырды. Жұрт аузындағы жорамал Дүтбайдың күйеу жолдастарына жеткенде, оларды Дүтбай өзі тоқтатып, тыйып көріп еді, бірақ жорамал шынға шықты. Үметей мен Әмірдің жасырын, оңашада құшақтасып тұрғанын көрген күйеулер Есқожа ауылын тастап тегіс атқа қонды. Бұл ауыл үшін де, ұзатылғалы отырған қыз үшін де өлім еді. Алғалы отырған қызды талақ еткендей, тастап кеткен сияқты. Кебін кигендей. Ертеде қазақ соғысқа өзінің бойына шақ болар ақырет кебін ақ ыстамбұлын қанжығасына байлай ала аттанған. Ақырет киімінің бір атауы «ыстамбұл» болғанын Манас жырынан табамыз, Көкетай бай «ақыретке кеткенде ақ ыстампулға ораңдар» деп аманат етсе, Мұхтар Әуезов «Абай жолы» эпопеясында Базаралының сөзімен осы бір байырғы бар ата-бабаларымызға тән дәстүрді еске салады. Патша үкіметінің үкілі почтасына шабуыл жасаған Жігітек жігіттерін Тәкежан Семейге абақтыға айдатқанда Құнанбайға шағым жасаған Базаралының айқаны: «Тәкежан өз бауырын өзі жейтін бөрі болғалы отыр. Кеткеннің бәрі өлімге кетеді. Бұл ағайынынан құтылатынына Тәкежанның көңілі сенсін. Тіпті, жандарына кебіндерін де бөктеріп жіберсін...» Сонымен, «Ыстанпұл» – мата, тән кебіні. Әділеттік, арлылық, махаббат – жан кебіні. Той – ән кебіні.

Көкшедегі той үш күн өтті. Күйеу үйлерінде ән-думан бәсеңсіген жоқ, айықпады. Үмітей мен Әміренің қасында талайдан түйіліп қалған әнімен үш күн, үш түн бойы Әйгерім әндетті. Қапастан құтылған құмыр бұлбұлдай сайрады. Өйткені, оның алдында, Абай ауылына Біржан сал келіп кеткенде Айғыз Әйгерімге шаңыраққа қарасын, ән салмасын деп бұйрық қылып, тыйым салған еді. Бұл Құнанбайдың қажылықта жүрген кезі. Енді, міне, Әміре мен Үметейді айта отырып Құнанбайға Абай мен Әйгерім ісін тағы бір еске салып кетуді ұмытпайды: «Тыйым салатын кісі жоқ деп жүр бұлар. Өзің жоқта да өстіп ауылымызды таптап, төбемізге ойнап болған, түге. Жын ойнағына айналды ғой бұл ел, сенің көзің жұмылмай-ақ» деп сызданып отырып, көп кейіс тастап кеткен еді. Керең кейіс, бұзық бұйрық, тынымсыз тыйым әріден ән мен жырға ілесіп келе жатқан әдет емес пе.

Ертедегі Шумерлер өз құдайын «музыкант» деп атаған. Біздің дәуірге дейінгі IV мыңжылдықта Месопотамияда әнші әйелдерің басшысын ugulasal.nar.balag* деп атаған... Бір құдайдың атауы – «ama `Nazi». Қазақта «Наз» (Naz) – әйел қауымынан шыққан сері, сал, ерке-тотай әнші, керімсал.

Осынау біз ұсынған деректер сал-серілік дегеніңіз ықылым заманнан келе жатқан құбылыс екенін көрсетеді. Және де сал-серілердің «әлем-жәлемнің» бастапқы қызметі байрақ, ту болу еді. Әрбір әскердің әр түсті өз туы болған, ақ ту, қызыл ту дегендей, бәрінің бас қосылғанда соғыс даласы «әлем-жәлем» болып кеткен. «Сұлтан» термині де соғыс қажеттілігінен шыққан. Сұлтан-плюмаш, жылқы қылынан, құс жүнінен жасалған бас шашақ. Төбе ту. Жауынгерлік, жасақтық дүние. «Өз басындағы боғын көрмей, өзгенің басындағы шоғын көріпті». Боқ – айдар, тұлым, кекіл, байдалы (буылған шаш.) Шоқ – үкі, таж, тәжі, сұлтан. Сұлтан тозды, ел азды.

Көптің өзі де нәпсісімен ұрыс қылуды қойып, әуесқойлық, әркім сал-серілікке салынып, қу нәпсіден суынбады, тыйылмады. Тұтынушылық жолы шайтандыққа тартып бара жатты. Қоғамда әділет, мейірбандық, махаббаттан бас тартқан жағдай орнықты. Жаманшылыққа тоқтау айту, тыйым салу, тежеу қылу жақсы іс санатынан алынып тасталды. Пайда патшалығы, мақтан майданы, әуесқой әлемінде құмарлыққа салынып сандалған өңкей пысық. Адасқан ел әр істен белгі қаларын, арттағы ұрпаққа сөз боларын ұмытқан.

Абайдың керекті ойын ескеріп, тыйым сөзін ұмытпас үшін Әуезовтің «Абай жолындағы» Әмір мен Үмітей оқиғасына арнайы тоқталдық. Оқырман ретінде бір байқағанымыз романдағы Құнанбай ұлдарын қатты қарғап-сілейді. Романдағы қарғыс бұралқы борандай ұлыйды: «Бар, алып кет, қарғыс тигенді», – деп Оспанның бетін бұрды да, итеріп қалды. «Осы кезде Құнанбайға Жексен шаққан болу керек, әкесі Абайға айқайлап: – «Ей Құдай ұрған, тұра тұр. Көрермін бәлем», – деді. Романдағы Құнанбай қарғысы қағаз бетіне түсірілді. Қарғыс, лағынет, нәлет, нағылет сөз сол күйі жатталды, қатталды. Бірақ, біздің зерттеу ісіміз өмірдегі Құнанбайдың ұрпағына қарғыс емес, ақыл жарлық айтқанын растайды.

Романдағы Құнанбайдың қарғыс сөзбен ұят істі тыймаққа талпынғанында бар естігені: «Заман сенікі емес, менікі! Нең бар? Неге өлмейсің тынышыңмен сен!» Автор кейіпкер Абайдың аузына ауыр сөздер салып, оған Әмір мен Үмітейді қорғап «Бұларды шариғат та қосады» деуге барғызады. Қодар өлімін де әке қылмысындай Құнанбайдың бетіне басады. Сірә, бұл-дағы жазаны тоқтатпақ ниеттен, шарасыздықтан туған іс болар. Әмірдің қылығын көрген Абай да ұялып тойды тастап шыққан еді ғой. Әмірді қатты еркелетіп жіберген Абайдың өзі болатын. Құмарлыққа салынған Әмірдің де бойын ерте тыйып алуға ақыл, қайраты жетпеді. Романдағы Дүтбай – заңды күйеу. Үмітей – Көкшенің жесірі. Әуесқой Әмірдің ісіне ел наразы. Тапталған аталық, елдік абыройды қорғау қажет еді. Дала заңы Құнанбайға: «Сал мынау желіккендерге тыйымыңды. Өзіме де, оған да кесігіңді өзің айт!» деп талап қойды. Сөйлер сөз жоқ. Сал-серілікке салыну дерті қарт Құнанбайды өз ұрпағына қарғыс айтуға мәжбүр етті. Көркем сөзде құқықтық тыйым тұр.

Марат АЗБАНБАЕВ

● БЕНЕФИС САҒАТЫ

Адамдықты ту еткен

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап кітапханада жазушы, мемлекеттік сыйлықтың иегері Төлен Әбдіктің шығармашылығына арналған «Парасат майданы» кітабының бенефис сағаты өтті. Ол қазақ прозасына ерекше қолтаңбасымен келіп, әдебиетімізді жаңа деңгейге көтеруге сүбелі үлес қосқан көрнекті жазушы әрі драматург. Іс-шара «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шараға Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты Қарлығаш Хамзина, Тәттімбет атындағы өнер колледжі «Кітапхана ісі» бөлімінің оқытушысы Қызылгүл Советқызы, Абай атындағы мектеп-гимназияның кітапханашысы Айсұлу Ізбасарова қатысып, «Парасат майданы» кітабы туралы өз ойларымен бөлісті.

Кеште Т.Әбдіктің «Әке» хикаятын мазмұндаған Туғанбай Ділназ: «Әр адам ата-анасына, қолынан келген жақсылығын дер кезінде аямай қамқор болу» керек екендігін айтты. Шығармадағы перзент көзімен қарағандағы әке бейнесі, әке қадірі, әкеге деген сағыныш студенттерге ерекше әсер етті.

«Ақиқат» хикаяты жөнінде ойын ортаға салған Арайлым Мырзахметова шындыққа мойын ұсыну керек екендігін түсініп, «Қанағат – қарын тойдырады» деген тұжырымға келгенін айтты. «Жат перзент» хикаятына Кәкен Диана тоқталып, кекшілдік, іштарлық деген жағымсыз қасиеттерді кешірімділік пен кеңдік сынды асыл қасиеттерге жеңгізе алмай, бір-бірімізбен ерегісіп, өмірдің ақ-қарасын ажыратуға қиналып жүрміз» деп ойын ашық айтты.

Оқырмандардың қызығушылығын оятып, қызу талқыға ұласып, пікірталас тудырған бүгінгі күн тақырыбында жазылған «Біз үшеу едік» драмасы болды. Драманы талдау барысында аудитория қонақтары екіге бөлініп, бірі Мұратты, екінші жағы Өмірбекті жақтады.

Кеш жазушы шығармаларындағы адамдыққа, адалдыққа бастайтын асыл қасиеттерді жастардың бойына сіңіру, кітап оқуға баулуды көздеді.

– «Парасат майданы» қазақ әдебиетіне жаңалық әкелген психологиялық шығармалардың бірегейі, автор қаламынан туған бұл туынды әдебиет сүйер қауымды бей-жай қалдырмасы анық, – деді Қарлығаш Мәуенқызы.

Жазушы шығармалары адамгершілікке, ізгілікке, мейірімге, еңбексүйгіштік сынды қасиеттерге жетелейді. Сонымен қатар, автордың тұлғаның екіге бөлінуі сынды психологиялық мәселені де шебер қозғаған. «Оң қол», «Парасат майданы», «Тозақ оттары жымыңдайды» шығармаларында «Тұлғаның екіге жарылуы», ал «Әке», «Ақиқат» повестері мен «Қайырсыз жұма», «Бассүйек», «Жат перзент» сынды әңгімелерінде «жалғыздық» философиясы бейнеленген.

Кеште қаламыздағы өнер колледжінің студенттері Шаймахамбет Бекарыс және Сансызбай Аңсаған «Сарыарқа» әні мен «Әлқисса» күйін орындап, оқырмандарға тамаша көңіл-күй сыйлады. Абай атындағы мектеп-гимназияның 9-сынып оқушылары Айтқали Зейнеп, Алдажан Балғын, Серік Ақсұңқарұлы мен Қорғанбек Аманжолдың жазушыға арнаған арнау жырларын мәнерлеп оқыды.

Кеш соңында оқырмандар назарына жазушы шығармашылығына арналған «Табиғаты өзгеше дарын» атты кітап көрмесі ұсынылып, әдеби-танымдық викторина ойнатылды.

● БАУЫРЛАСТЫҚ

Елдікке бастаған ерлік

Түркиядағы табиғи апаттың зардабын шеккендер қатары көп. Ел-елден жиналған құтқарушылар қарқыны да сейілер емес. Осынау зілзала болған елге 15 қарағандылық – ТЖД және Апаттар медицинасы орталығының қызметкерлері барып, құтқару жұмыстарына қатысып қайтты. Олар апат аймағында 8-ші ақпаннан бастап жұмыс істеді.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Түрік мемлекетінің үш өңірінде іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізу басталғалы бері Қазақстан ТЖМ құтқарушыларының күшімен жеті адам құтқарылды. Бұл халықаралық достық тұрғысында, түбі бір түрік ағайын алдында атқарылған абыройлы іс болды. Сонымен қатар, қаза тапқан 88 адамның, оның ішінде 10 баланың денесі үйінділер астынан шығарылды. Сондай-ақ, біздің құтқарушылардың көмегімен және инженерлік техниканы, авариялық-құтқару жабдықтарын, шаңқ аспаптарын пайдалана отырып, 250 мың текше метрден астам үйіндіні бөлшектеген.

Осынау ерлікке толы игі іске түркиялықтар шексіз алғысын жаудырды. Елдікке бастаған ерлік ел есінде мәңгі қалмақ.

● ТАҒЗЫМ

Жақсы дос, жан жамауым еді...

Дертке дауа тауып, адам жанына араша түскен дәрігерлердің еңбегін кешегі тәжвирустың әлегінде көрдік. Еңбегіне адал жанның бірі – менің досым, тілекшім, үзеңгілесім, марқұм Мұратбек Жұмақаев. Оның бір басының еңбегі ел арасында аңыздай айтылады. Оның көмегі тиіп, көркейіп кеткен жастар қаншама!

Мұратбек Дәулетханұлы – 1956 жылы Жаңаарқа ауданы Атасу кентінде дүниеге келген. 1973 жылы Атасу қазақ орта мектебін тәмамдап, Қарағанды мемлекеттік медицина институтына оқуға түседі. 1979 жылы оқу орнын хирург мамандығы бойынша абыройлы аяқтап, Жезқазған қаласында бір жыл іс-тәжірибе жинайды, кейін Жәйрем кентінің орталық ауруханасына хирург-дәрігер болып ауысады. Бұл жерде Мұратбек 11 жылдай тұрақтайды, халқына жағып, көптеген науқастардың дертінен айығуына себепші болады.

Мен Мұратбекпен студент кезімізден таныс болдым, уақыт өте келе ажырамас досқа айналдық, отбасы болып араластық. «Дос» деп айтуға тұрарлық ер мінезді жігіт еді.

Ол өз кәсіби біліктілігін жұмыс барысында тиянақтылығымен көрсететін. Тәжірибелі оташы, білікті маман болудан бөлек, өзінен кейінгі жастарға ұстаз, бағыт-бағдар беруші, тәрбиелеуші де бола білді. Мені қайран қалдыратыны – Мұратбектің жаны жұмсақ дәрігерлігімен қатар бірбеткей, қайсар мінезі еді. Қарағанды қаласы онкологиялық диспансерінің басшысы болып жүргенінде қаншама келелі істер атқарды. Мұратбек басшы болған тұста облыстық онкологиялық орталықта отадан кейін оқшауланып емес, жағдайы қалыпты болып оянған науқастардың қатары артты. Күрделі оталардың ішінде кеуде қуысы, қалқанша безі, өңеш, бауыр, ұйқы безіне ота жасау тәсілдерін дамытты. Ауруы асқынған науқастардың простата аденомаларының оталарын сәтті жасап жүрді. Оның ішінде, қуық асты бездерін емдеу, түрлі асқыну салдарының алдын алуда қолданған емдік тәсілдері бүгінге дейін жас шәкірттерінің арасында жиі қолданыстағы шараға айналды. Ауруынан айығып, алғысын жаудырғандар қатары аса көп болды, әлі де бар.

Мұратбек досымды Арқа атырабы ғана емес, Қазақстанның түпкір-түпкірі жетік таниды. Оның мамандығына адамгершілігі серік болып, талайдың жадында жақсы атымен сақталары сөзсіз. Ол бір сөзінде: «Обыр – дауасыз дерт емес, тек адам өмірінің соңына дейін кешенді түрде ем қабылдап отыруы қажет. Әртүрлі қауесеттерге сеніп, шетел асып, ауруымнан айығамын деу – қате пікір. Бізде де оқыған, тәжірибелі мамандар жетерлік, тек соларға мүмкіндік берілуі керек», – деп еді.

Кәсіби болашағын жоспарлауда жастар үшін «Темірқазық» – Мұратбек Дәулетханұлы Жұмақаев. Дәрігерлік жолды анық таңдау үшін үлкен жүрек керек. Ақ халатты дәрігер өзінің АДАМ өміріне араша тұратынын бүкіл жан-жүрегімен білуге тиіс. Бұл тұрғыда Мұратбектің дәрігерлік білім-білігі де, өз жауапкершілігін сезінуі де – жас дәрігерлерге үлкен өнеге. Дерт меңдегенде жанына жалау болған дәрігерді жұрттың ерекше құрмет тұтатыны ақиқат.

Өзгенің жанына араша түссе де, өз жанына сая таппаған Мұратбектей азаматтың қайғысы арқаға әлі батып жүр... Жалғыз-жарымға емес, тұтас қазақ баласына жүрегі ашық асыл ердің бір жылы сөзінің өзі жан семіртетін еді. Жанымның жамауы еді, қайтейін?!

Марат ӘБЕУОВ,
Медицина ғылымдарының кандидаты,
доцент, зейнеткер

Еске алу

Ардақты да аяулы анамыз, «Алтын алқа» иегері, еңбек ардагері **Мәкім АМАНБАЙҚЫЗЫ** 2023 жылдың 16 қаңтарында өмірден өтті.

Анамыз 1932 жылғы 10 мамырда Қарқаралы ауданына қарасты Милыбұлақ ауылында дүниеге келген. Аманбай ақсақал мен Айбала әжеміздің шаңырағында тәрбиеленіп, ауыл мектебінде оқып, ерте еңбекке араласты.

Әкеміз Әрмия Сағымбекұлымен 1950 жылы отау құрған. Бастапқыда Қарқаралы маңындағы Көктас ауылында тұрды. Әкеміз сондағы мектепке ұстаздық қызметін бастаған. Алғашқы отбасылық жылдарында ол Сағымбек атамыздың апасы Мәрия анамыздың қолына келін болып түсіп, сол кісінің тәрбиесін көрген. Сол отбасында ағайын-туыс, бала-шаға тату-тәтті, бірге өмір сүрген. Анамыз мінезі ашық, аққөңіл, қонақжай адам болатын.

Әкеміз Әрмия Сағымбекұлы Қарқаралының қарашаңырақ білім ордасы №1 мектебінде ұзақ жылдар ұстаздық, басшылық қызметтерді атқарды. Сол уақыттарда анамыз әкемізге үлкен қолдау көрсете алды. Өзі ұзақ жылдар аудандық тұрмыстық қызмет көрсету орталығында абыройлы жұмыс атқарып, кейіннен зейнеткерлікке шықты. Әке-шешеміз отбасында балаларды тәрбиелеп, жоғары білім беріп, барлығын қатарға қосты.

Анамыз еңбек жолында «Еңбек» ардагері, аудандық және облыстық марапаттарға ие болды. Сонымен бірге, 1976 жылы «Батыр ана» орденін иеленді. Тәуелсіз еліміздің «Алтын алқа» белгісінің иегері атанып, «Ұлы Отан соғысының Жеңісіне – 65 жыл, 70,75 жыл мерекелік төсбелгілері табысталған.

1994 жылы әкеміз дүниеден өтсе де, анамыз бала-шағасына ақылкеңес беріп, қолдау көрсетіп, немерелерін қызықтап, шөбере сүйіп 91 жас жасады. Ұрпақтарына адал еңбек, адамгершілік, салауатты өмір сүру және халқымыздың салт-дәстүрлерін сақтауды үлгі-өнеге ете алды.

...Көрсетіп өнегесін, кең жайды керегесін,
Аялы алақанмен өсірді немере-шөбересін.
Жақсы көріп өмірді, пәк ұстады көңілді,
Болғанымда жанында, ырыс-бата төгілді...

Анамыздың жаны жәннатта, топырағы торқа болсын...

Аяулы анамыз Мәкім Аманбайқызының 40 күндік асы Қарқаралы қаласында Құнанбай қажы мешіті жанындағы хатымханада 24 ақпан күні сағат 12:00-де беріледі.

Асқа қадірлі ағайын-туыс, құда-жекжат, көршілер, достар мен әріптестерді шақырамыз.

Сағымбековтер әулеті

®

Сен де кеттің…

(Мұратбектің рухына)

Жүретін көңілінде көктем күліп,
Етпейді өзекті жан өткенді үміт,
Небір дүр,
Небір дүлдүл,
Небір асыл –
Келместің кемесіне кеткен мініп.

Өмірді өлең еттің,
Өрнек еттің,
Шыққанда тас төбеңе өрмелеп күн,
Егілтіп «Ерім!» деген ел-жұрт тынды,
Мұратбек,
Айналайын, сен де кеттің.

Жаны жаз,
Жайлауы әсем,
Тұмасы құт,
Қиянға шырқап едің құлаш ұрып.
Алғысын адамдардың арқалап ап –
Мұратбек,
Сен де кеттің тым асығып.

Қараушы ең ойлы көзбен қатарыңа,
Кім сенген күнің ерте батарына.
…Мектептен соңыңа ерген інің едім,
Бір барған Ленинград сапарына.

Қалдық-ау, бір жақсыдан тағы адасып,
Біздің күн екіндіден барады асып.
…Ақ халат кидің-дағы Ақ дүниеге –
Кетіп ең періштедей араласып.

Бар пенде бұл жалғаннан жылап кетпек,
Сынапты санамызды,
Сынапты өкпек…
…Арқада тәні ауырған ағайындар –
Баратын өзіңді іздеп, «Мұратбек» деп.

Аңыздай әңгіме боп айтқандары,
Орнына оралғандай қайтқан бағы.
Жеткендей боп жүретін мұратына,
Дәру ап Мұратбектен қайтқандары.

Тірліктің таусылса да талайлы әні,
Талайдың өзің болдың арайлы әні.
…Айналып төмпешікке жатсың енді,
Үстінде қасқа жолдың Ақойдағы.

Тірліктің жегі желі азынаған,
Сапарың мәңгілікке тағы ұзаған.
…Кетіп ең дүйім жұрттан алғыс алып –
Біз барда сен де барсың, АҢЫЗ АДАМ!

Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ,
ақын, Абай атындағы
Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Ұстаз есімі ұмытылмайды

Қарағанды облыстық онкологиялық орталығын ұзақ жыл басқарған білікті басшы, тәжірибелі маман, жаны жайсаң азамат Мұратбек Дәулетханұлы Жұмақаев шын мәнісінде ұлағатты ұстаз еді.

Ол кісімен бірге қызмет еткен кезімізді бүгінде сағына еске аламыз. Үлкен ұжымды айрандай ұйытып, береке-бірлікте басқара білген Мұратбек Дәулетханұлы әрдайым өзінің бай тәжірибесімен бөлісіп, жас мамандарға білгенін үйретуден жалықпайтын.

Өз мамандығының хас шебері Мұратбек Дәулетханұлы бізден де кәсіпке адал болуды және үнемі ізденіс үстінде жүруімізді талап етуші еді. Жас мамандардың кәсіби бағытта дамып, білімі мен біліктілігін жетілдіруіне барлық жағдайды жасауға тырысты. Мысалы, біз шет мемлекеттерге барып, халықаралық конференция, семинарларға қатысып, озық оқу орындарында, медициналық мекемелерде түрлі курстардан өтуге мүмкіндік алдық. Соның арқасында білімін тереңдетіп, тәжірибелерін толыстырған бір шоғыр медицина мамандары пайда болып, олар еліміздегі медицинаның онкология саласын дамытуға өздерінің сүбелі үлестерін қоса бастады.

Мұратбек Дәулетханұлы мықты маман болумен қатар, өз ұлтын жантәнімен жақсы көрген атпал азамат еді. Ол алдына келген әрбір науқастың мәселесін өзініңкіндей көріп, жүрекпен қабылдайтын. Көбіне дерті асқынып келген жандарды көргенде және оларға медициналық көмек көрсетудің қиындап кеткенін байқағанда, қатты қынжылушы еді. «Адамдардың сана-сезімін өзгертпей болмайды. Өзінің денсаулығына атүсті, салғырт қараған адам – қоғамға масыл. Жасыратыны жоқ, ауруы әбден асқынып, сырқаты меңдеген ата-анасын алып келгендермен кейде қатты сөйлесуге тура келеді. Мұсылман баласы таңертең тұрғанда жасы келген ата-анасының хал-жағдайын сұрамаушы ма еді?! Осынша халге қалай жеткіздіңдер?!» – деп кейіп жатқанын талай естідік.

Үлкен жүректі ұстаздан үйренгеніміз көп болды. Тек арамызда шарапатын төгіп жүре тұрмағанына, отандық медицинаға әлі де берері мол кемел кезінде келместің кемесін мініп кеткеніне қатты өкінеміз.

Сіздің жарқын бейнеңіз, азаматтық болмыс-бітіміңіз біздің жадымызда мәңгі сақталады. Сіз тәрбиелеп өсірген мыңдаған шәкірттеріңіз барында онкология саласының дамуына қосқан үлесіңіз бен сіңірген еңбегіңіз ұмытылмайды және олар сіздің бастаған істеріңізді әрі қарай жалғайтын болады.

Найля ҚАБИЛДИНА,
Онкология және сәулелік диагностика кафедрасының меңгерушісі,
профессор

Медицина саңлағы

Өткен Барыс жылы еліміз үшін де, біздің Қожалар әулеті үшін де талай арысымызды ортамыздан алып кеткен қиын жыл болды. Жыл басы жалпы қазақ халқын күйзеліске салған Қаңтар оқиғасымен басталса, біздер үшін сол кезеңде жаны жомарт Жанатбек бауырымыз, арасына апта салмай, Азамат күйеубаламыз, қос қимасының соңын ала Мұратбек бауырымыз, жыл ортасында әкеміздей болған Ауданбай ағамыз, жылдың соңы әуезді әнімен елін тербеген, аққөңіл, ақжүрек Сейіл Аяған бауырымыздың өмірден өтуімен аяқталды. Арыстардың жаны жәннатта болғай!

Бар ауыртпалық ескі жылмен кетіп, жаңа Қоян жылы халқыма, ел-жұртыма жақсылығымен, қуанышымен келсе екен деп тілейміз.

12 наурыз күні Мұратбек Дәулетханұлының өмірден озғанына жыл толады. Алтын қолды онколог-дәрігер, ел-жұртының мақтанышы болған бауырымызға төмендегі өлең шумақтарын арнаймын.

Бақылыққа қимас бауырым, ардағым,
Нұрға бөлеп жүруші еді жан-жағын.
Сан мыңдаған науқас жанның дертіне,
Шипа тауып, алғыс алған, саңлағым.

Жайсаң еді, бұл теңеуге лайықты,
Өзгермеген бір қалыптан байыпты.
Дәрігерлік мол тәжірибе, біліммен,
Шәкіртінің жан-дүниесін байытты.

Ақ халаты ақ жүзіне жарасып,
Көрмеп еді уақытпенен санасып.
Күндіз-түні табылушы ед қасынан,
Ауыр дертке шалдыққанға
жаны ашып.

Сәл-пәл уақыт тапса жеке басына,
Отбасына жетуші еді асыға.
Гитарамен қоңыр әнге салушы ед,
Жан жары мен немерелер қасында.

Мұратбегім, аққөңілім, аяулым,
Сенсіз басты көңілімізді қаяу-мұң.
Қалың елің, халқың әлі жоқтауда,
Орның толмас, өтсе де айлар,
талай күн.

Аты өлмейтін жақсылардың бірісің
Өнегеңмен, еңбегіңмен ірісің.
Асыл, Ақыл, Әлібегің тұрғанда,
Сен біз үшін әрқашанда тірісің!

Бақыт БЕКЕНҚЫЗЫ,
ағайын-туыстары атынан

ЖЕЗҚАЗҒАН

Дұға

Ажалға адамзаттың жоқ амалы,
Көп болды ғой өзінді жоқтағалы.
Таң қаламын, жыр жазып алданамын,
Қалайша, үлкен жүрек тоқтағаны?!

Өткен күнді парақтап күнде ашамын,
Көз алдымда біресе, бұлдыр сағым…
Жарқын бейнең елес боп кетеді де,
Суретіңмен сағынып сырласамын.

Азаматтан айырылды қалай елі?
Жүрген жерің той-думан, саялы едің.
Саусағы алтын жігіт ең, қолы күміс,
Алақаның адамға аялы еді!

Кішкентайдан бірге өскен досым едің,
Үкілеп сан бәйгеге қосып едің.
Қайтейін, қапылыста айырылдым:
Дұғам да, өлеңім де – осы менің!

Ермек ОМАРОВ

Құрметті ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран!

25 ақпан күні сағат 13:00-де қадірлі ағамыз, ардақты әкеміз Мұратбек Дәулетханұлы бақиға аттанғанына бір жыл толуына орай ас беріліп, Құран бағышталады.

Ас берілетін орынның мекен-жайы: Қарағанды қаласы, Шахтёр даңғылы 2/1, Ақсарай мейрамханасы, Алтын зал.

Жұмақаевтар әулеті

®

● ҚЫЛМЫС

39 граммға – 10 жыл

Polisia.kz сайтының хабарлауынша, қарағандылық полицейлер қала тұрғынынан 89 орам синтетикалық есірткіні тәркіледі.

Облыстық полиция департаменті есірткіге қарсы іс-қимыл басқармасының қызметкерлері жүргізген кешенді жедел-іздестіру іс-шаралары барысында 89 орам ұнтақ тәрізді жасыл түсті заттар тәркіленді. Сараптама қорытындысына сәйкес, тәркіленген заттар 39 грамм синтетикалық есірткі заты екендігі анықталды.

Аталған дерек бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 297-бабына «Есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу» сәйкес, қылмыстық іс қозғалды. Қазіргі уақытта оқиғаның мән-жайы толық анықталып жатыр. Күдікті қамауға алынды. Бұл қылмысы үшін оған 10 жылдан 20 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделеді.

Өз тілшімізден

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

● БҰҚАРАЛЫҚ СПОРТ

Студенттер спартакиадасы басталды

Қарағандыда аймақтағы жоғары оқу орындарының студенттері арасында XVII облыстық спартакиада басталды. Жыл сайын өткізілетін жарысқа биыл 8 университеттің студенттері қатысып, 13 спорт түрінен бақ сынайды. Спартакиаданың ашылу салтанаты Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өтті.

Спартакиаданы облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев ашты. Қатысушылар баскетбол, волейбол, футзал, дойбы, шахмат, үстел теннисі, кір көтеру спорты, тоғызқұмалақ, асық ату, қазақ күресі, арқан тарту, президенттік көпсайыс (оқ ату, шаңғы жарысы, күштік гимнастика) және жеңіл атлетика сынды спорт түрлерінен сайысқа түспек.

Қатысушылар саны – 128 адам. Жалпыкомандалық есепте жүлдегерлер облыстың дене шынықтыру және спорт басқармасының кубогімен және дипломдармен марапатталады. Спорт түрлері бойынша жүлдегер атанған студенттерге грамоталар мен медальдар беріледі.

Спартакиадаға Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды медицина университеті, Қазтұтынуодағы экономикалық университеті, Ә.Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті, Б.Бейсенов атындағы ҚР Ішкі істер министрлігінің академиясы, «Болашақ» академиясы, Орталық Қазақстан академиясы, сондай-ақ Теміртау индустриалды университеті қатысады.

Еске сала кетейік, дәстүрге айналған спартакиадада 2015 жылы Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті жалпыкомандалық есепте I орын иеленген.

Мұндай спартакиада кейбір қатысушылардың алғашқы жарысы емес. Олар қарсыластарының лайықты екенін және жоғары деңгейде ойнайтынын айтады.

Диас Түскенов – Б.Бейсенов атындағы ІІМ академиясының 3-курс студенті, сержант және взвод командирі. Оның командамен бірге спартакиадаға қатысуы бірінші рет емес. Жарыстың ұйымдастырылуына да көңілі толатынын айтты.

– Былтыр спартакиадада біздің топ ІІ орын иеленді, биыл I орын алуды көздеп отырмыз. Біз футбол мен шағын футбол ойнаймыз. Б.Бейсенов атындағы ІІМ академиясында арнайы алаң бар. Сонда күніне бір рет, кешке, кем дегенде 2 сағат жаттығамыз. Футболдан басқа қоян-қолтық ұрыс спорт түрімен де айналысамын. Меніңше, спортты дамыту және салауатты өмір салтын қолдау үшін мұндай спартакиадалар қажет, – деді қатысушы.

Қарағанды: ауа райы

21 ақпан	22 ақпан	23 ақпан
-1	+3	-1
-6	-4	-10

Ақпарат https://www.gismeteo.kz/ сайтынан алынды

● ЖАҢА КІТАП

Хикметке жасырынған хикаяттар

Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Төкен Әлжантегі – жазиралы Жаңаарқа топырағының төлі. Шығармашылық өмірі есті оқырманның көз алдында. Жақында жазушының Алматыдағы «Дәуір» баспасынан «Ебіл-дебіл дүние» атты жаңа кітабы жарық көрді. Өн бойына 12 повесть жинақтаған еңбек мемлекеттік тапсырыспен ендігі республика шеңберіндегі кітапханаларға таралып ып-ыстық күйінде оқырман қолына тиіп үлгерді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Автор хикаяттарында заман тынысы, өмір ақиқатын көркем тілмен шынайы суреттеп, оқырманының тосын ой тұжыруына мүмкіндік ұсынады. Әр туындысының оқиғасы қанық, желісі шымыр.

Айта кетерлігі, қаламгер шығармашылығының өн бойында теріске шығарып тастар бір де бір кейіпкер жоқ hәм «маңдайынан сүйе қояр» hас жақсысы да жоқ. Әрбір персонаж – өмірдің өзіндей. Кез келген шығармасы табиғатпен етене жақын. Оның қаламынан қазақ азаматын бірден жырағытасыз. Стильдік ерекшелігі де – осы. Әсіресе, табиғаттың тынысын беруі акварелистің суреттеріндей ап-айқын. Сонысымен баурайды. Табиғат. Адам. Суреткерлік. Терең психологизм. Міне, осы ұғымдар Әлжантегі шығармашылығының негізгі тіні.

«Қазақ прозасында мен байқаған екі желдіртіп жазар жазушы бар. Біреуі – жырлап жазады. Біреуі – сырлап жазады. Алғашқысы Оралхан болса, кейінгісі – Арқаның Әлжантегісі» деп кетіпті ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жазушы Қалихан Ысқақ. Олай болса, қадірлі оқырман, жалғанның жарығына енді шыққан су жаңа кітап сөреңізден түспегей.

● КЕЗДЕСУ

«БОТА» орталығы жастармен толықты

Ж.Бектұров атындағы жасөспірімдер кітапханасы жанында жұмыс істейтін «БОТА» жастар интеллектуалды орталығының ұйымдастыруымен «БОТА – жастарды шақырады!» атты жас буынмен кездесу кеші өтті. Жиынға өнерге, өлеңге талабы бар жастар жиналып, бар қабілетін ортаға салды және орталыққа мүшелікке қабылданды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған іс-шара барысында кітапхана басшысының орынбасары Надежда Шмойлова орталыққа жаңадан қосылып жатқан жас буынға ақ жол тілеп, ізгі тілегін білдірді.

Жастардың назарына «БОТА» жастардың интеллектуалды орталығы туралы мәліметтер ұсынылды. Орталық тарихынан бейнежазбалар көрсетіліп, атқарылып жатқан рухани игіліктер хақында кеңінен әңгіме айтылды.

Жазушылар одағының мүшелері, осы орталықтан шыққан ақындар «БОТА» жастардың интеллектуалды орталығының жаңа мүшелеріне жылы лебізін білдіріп, өз шығармашылығынан өлең оқыды.

Жас орталық мүшелері де қалыс қалмады. Атап айтсақ, Толқын Амантаева, Мөлдір Ілияс, Бекзат Берістем, Индира Хасенова, Жаннұр Сағынғалиева, Мақсат Жарылқасын, Аружан Бәкірова, Қызғалдақ Ержанқызы, Айнұр Қанышқызы, Өтеш Ақжүніс, Альмира Ахметжанова сынды жастар өз өлеңімен қоса, аға буын ақындардың өлеңдерін жатқа оқыды.

Домбырасын жанына серік еткен Ерболат Орынбасар күйді шебер ойнап, ұлттық аспапқа икемділігімен елді өзіне қарата білді. Халық арасында «Жалған өмір-ай» әнімен танылған кеш қонағы, жас әнші Мәди Ахметқожа әдемі ән шырқаса, жас айтыскер ақын Бекарыс Оспанов «БОТА-ға» дайындап келген арнауын айтты.

Сонымен қатар, «Әдемі-ай» би ансамблінің биші қыздары өздерінің мың бұралған биімен кештің сәнін кіргізді. Кеш соңында іс-шараға қатысқан өрендерге кітапхана әкімшілігі атынан Алғыс хат табысталды.

● АҢДАТПА

Классикалық ән кешіне келіңіз!

«Шалқыма» концерт залында 24 ақпан күні сағат 18:30-да Тәттімбет атындағы Қазақ халық аспаптар академиялық оркестрінің концерті өтеді. Қарағандылықтар мен қала қонақтарын ҚазКСР Халық әртісі дирижер және педагог Фуат Мансұровтың 95 жылдығына арналған классикалық музыка кешіне шақырады.

Фуат Мансуров – оркестр музыканттарын тәрбиелеудің жаңа әдістемесін және симфониялық оркестрде ойнауға бейімделу үшін жаттығулар жүйесін әзірлеген және енгізген өнер адамы. Дирижерлік факультет студенттеріне арналған «Оркестр топтарымен жұмыс» атты авторлық курсын дайындаған.

Концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Полатхан Тәшімов, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғайни Болтаева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» орденінің иегері Талғат Мұсабаев, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Рысты Рахымжан мен Айым Мейірханова өнер көрсетеді.

Көркемдік жетекшісі – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Әбдуғалисын Шоқанбаев.

Бас дирижер – «100 жаңа есім» жобасының жеңімпазы Ерлан Бақтыгерей.

Дирижер – халықаралық байқаулардың лауреаты Әбілқайыр Сағымбаев.

Өз тілшіміздің

● ТЫЛСЫМ

Періштесі қақты ма?

Түркия мен Сириядағы зілзала кейінгі жылдары орын алған табиғи апаттардың ауқымдысы болды. Ресми дерек бойынша, 40 мыңнан астам адам қаза тапқан. Қаншама жан жақынынан айырылып, қан жұтты. Оның арасында жерлестеріміз де бар. Алла рахымына алғай! Он сегіз мың ғаламды Жаратушы иеміз бәрін білуші, көруші. Біз табиғи апат орын алған жерде болмағандықтан, ғаламтордан естіген, көрген тылсым оқиғалар туралы айтпақпыз.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Зілзала орын алған жерлерде адам сенгісіз тылсым оқиғалар да орын алуда. Бес күннен кейін қираған үйлердің бірінен құтқарылған 5 жастағы Мирай есімді қыз бала өзіне күнде ұзын бойлы ақ киімді адамдардың тамақ әкеліп беріп тұрғанын айтқан. Бүлдіршіннің «Бірі қабырғаны тіреп ұстап тұрса, бірі тамақ әкеліп, бізді ойнатып жүрді» дегені де ел аузында жүр. Естіп, таң қалдық. Құдайға сенбек түгіл туысына, досына сенбейтін заманда бұған сену қиын да шығар, мүмкін. Бірақ, мұнда бір тылсымның жатқаны анық.

Ал, тас астында жатып босанған келіншектің аман қалған сәбиі ше? Шырылдап жатқан шарана қалай аман қалды?

Көп ұзамай тағы жағамызды ұстадық.

Құлаған үйлерді аралап жүрген құтқарушылардың алдынан бір жас ана зар еңіреп шығады. «Мына дуалдың астында екі балам жатыр. Құтқара көріңіздер» деп жылап тұрып, өтінеді. Құтқарушылар дереу іске кірісіп, қабырғаны ақырындап кранмен көтерсе, шынымен астынан екі бала тірі шығады. Қуанған құтқарушылар Құдайдың құдіретіне таң қалып, анасынан сүйінші сұрамақ болып іздеп, таба алмайды. Сөйтсе, әлгі екі баланың үлкені анасының 4 жыл бұрын өмірден өткенін айтады.

Сонда көзге көрінген кім? Анасының аруағы ма? Анасының кейпіндегі құтқарушы періштелер ме? Әулиелер ме? Қыз балаға тамақ беріп, асыраған ақ киімді адамдар кімдер?

Орын алып жатқан оқиғаларды «Әсіреділіншілдердің қауесеті, әсірелеуі, осы сәтті пайдаланып, дінді насихаттағысы келеді» деп дес бермей жатқандар да бар. Әркім өз ойын айтуға құқылы.

– Аса қамқор, ерекше Мейірімді Алланың атымен бастаймын. Біріншіден, бұл ақпараттардың шындық екеніне көз жеткізу керек. Бұл туралы Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде «Сендердің, адам баласының әрбір естіген нәрсесін дұрыс па, бұрыс па, тексермей, жан-жаққа тарата беруі, айта беруі адамға күнә ретінде жеткілікті» деп айтқан. Екіншіден, Алла Тағаланың құдіреті шексіз. Бәрі де болуы мүмкін. Көзбен көрмеген соң кесіп айта алмаймыз. Осындай жағдайлардың өмірде орын алатыны Құран Кәрімде, Пайғамбарымыздың хадистерінде айтылған. Періштелердің бар екені ақиқат. Әулие кісілердің тірілерге көмектесетіні, бабалардың аруағының желеп-жебеп жүретінін қазақ баласы жақсы біледі. Кейде кішігірім дүниені елдің әсірелеп жіберетінін де білеміз. Сондықтан, көкірек көзі ашық мұсылман баласы өзі сараптап, оң қорытынды шығарса екен дегім келеді, – дейді облыстық Әнет баба мешіті шариғат және бәтуа бөлімінің маманы Юсуфбек Шұғайұлы.

Қазақта «Қырық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» деген сөз бар. Бұл – бабалар даналығының шариғатпен ұштасып жатқанына дәлел.

Сонымен қатар, халқымыз мұндайда «Періштесі қақты» дейді. Расымен, періштесі қаққан болар...

● ГИМНАСТИКА

Данилдің дара жеңісі

Әзірбайжан астанасы Бакуде өткен батут гимнастикасынан ересектер арасында әлем кубогі аяқталды. Бұл сында ел құрамасы сапында бақ сынаған қарағандылық Данил Мұсабаев қоржынға қос алтын салып, ел абыройын асқақтатты.

Аталған додаға әлемнің 16 мемлекетінен 60-қа жуық гимнаст қатысты. Атап айтсақ, АҚШ, Әзірбайжан, Бразилия, Болгария, Франция, Египет, Испания, Канада, Польша, Португалия, Украина сынды елдердің спортшылары бар. Тартысқа толы сайыстың қыза түскен тұсы Данил Мұсабаевтың алаңдағы іс-әрекеті. Ол жекелей сында барлық қарсыласын қапы қалдырып, жеңімпаз атанды. Ал, II орынға Испания өкілі Джордж Мартин табан тіреді. Үздік үштікті француз Алан Моранте қорытындылады.

Сонымен қатар, жерлесіміз Данил отандасы Пирмамад Әлиев екеуі (Шымкент қаласы) жұптаса секіруде тағы бір алтынға қол жеткізді. Жұптасқан жарыстың II орны неміс гимнастшыларына бұйырса, III орынды португалиялық жігіттер жеңіп алды. Жалпыкомандалық есепте Қазақстан құрамасы мен Бразилия командасы I орынға ие болды. Франция II орынды еншілесе, үздік үштіктің тізімінде Испания, Германия, Украина тұр.

● БОКС

Құрама сақадай сай

Болгарияның София қаласында бокстан 74-ші халықаралық Странджа мемориалы басталды. Кіші әлем біріншілігіне баланатын дүбірлі додаға әлемнің түпкір-түпкірінен 40 ел қатысуда. 500-ге жуық спортшының арасында Мырзағали Айтжанов бастаған Қазақстан құрамасы бар.

Ел атынан алаңға алғаш болып шығатын 71 келідегі Асланбек Шымбергенов жарысқа аттанар алдында жарақат алып, сайыстан тыс қалды.

Ал, 60 келіде италиялық боксшы Даниэль Салерномен қолғап түйістіретін Ерасыл Таңқай сайысқа сақадай сай. Сондай-ақ, жарыстың алғашқы күні 54 келіде Бекзат Алдамжаров, 57 келіде Оразбек Асылқұлов, 67 келіде Темірхан Тезек, 86 келіде Бекзат Таңатардың шаршы алаңдағы жекпе-жегі ел назарына ұсынылады. Жарыс 26 ақпанға дейін жалғасады.



● ТЕННИС

Есе жіберіп алды

Қазақстандық теннисшілер Андрей Голубев пен Александр Недовесов Буэнос-Айрестегі (Аргентина) АТР 250 турнирдің жұптық разрядында жартылай финалға бір қадам жетпей тоқтады.

Ширек финалда қазақстандық дуэт аргентиналық жұпқа Максимо Гонсалес пен Андреас Мольтениде жұбынан 3:6, 7:6 (9:7) есебімен жеңіліп қалды. Өткен аптада Кордова (Аргентина) турнирінің жартылай финалында Андрей мен Александр да сол аргентиналық жұпқа жол берген.

Александр Бублик пен швейцариялық Стэн Вавринка Роттердамда (Нидерланды) өтіп жатқан АТР 500 турнирінің ширек финалында екі кезеңде бельгиялықтар Сандер Жилле мен Йоран Флигеннен 4:6, 4:6 есебімен есе жіберген болатын.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары – «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы – **О.В. МЯГКИХ**
Директордың орынбасары – **Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**

Бас редактор – **Е.К. МҰСАБЕК**
Бас редактордың орынбасары – **Н.С. ДҮТБАЙ**
Интернет-редакция редакторы – **І.Д. МҰҚАЙ**
Жауапты хатшы – **Қ.Б. ҒАЛЫМ**

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген ®

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№21 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жан АМАНТАЙ**